



## ПРЕЗИДЕНТ ИОРДАНИЯ КОРОЛІНЕ ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ



Қасым-Жомарт Тоқаев Король II Абдалла бен әл-Хусейнді және Иордания халқын ел тәуелсіздігінің 80 жылдығымен құттықтады.

Мемлекет басшысы былтырғы сапарлар мен жоғары деңгейде өткен келіссөздер екіжақты ынтымақтастықтың дамуына тың серпін бергенін атап өтті.

Қазақстан Президенті дәстүрлі достық пен құрметке негізделген серіктестік қос елдің игілігі жолында қарқынды дами беретініне сенім білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Король II Абдалла бен әл-Хусейннің жауапты мемлекеттік қызметіне толағай табыс, ал бауырлас Иордания халқына құт-береке тіледі.

## АҚОРДА



## БАС ҚАЛАНЫҢ БАҒЫТЫ АЙҚЫН, ҚАДАМАҢЫ НЫҚ

Мемлекет басшысы Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбекті қабылдады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа елорданың әлеуметтік-экономикалық және инфрақұрылымдық дамуы туралы мәлімет берілді.

Астанада барлық басты экономикалық көрсеткіш бойынша оң қарқын байқалады. Биылғы төрт айда негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 588 миллиард теңгені құрады. Бұл былтырғы осы кезеңмен салыстырғанда 9,1 пайыз жоғары. Олардың арасында өңдеу өнеркәсібі, білім, медицина, көлік, сауда, логистика салаларына қатысты жобалар бар.

Бүгінде Astana LRT жеңіл рельсті көлік желісі толық жұмыс істеп тұр. Елорданың қоғамдық көлік жүйесін жандандыру мақсатында жобаның екінші кезеңі пысықталуда.

Қала әкімі Жеңіс Қасымбек әлеуметтік нысандардың құрылысы, тұрғын үй алаптарын көркейту жөнінде айтты. Соңғы жылдары Астанада 44 мектеп салынған. Ал жана оқу жылында 12 білім ошағы ашылады. Сонымен қатар 2 оқушылар сарайын және 6 балабақшаны ел игілігіне беру жоспарланып отыр.

2028 жылға дейін 2 перинатальды орталық, көпбейінді аурухана және диагностикалық кешеннің құрылысы аяқталмақ.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа қаланың инженерлік-коммуналдық инфрақұрылымы, Smart City жобасының іске асырылуы туралы баяндалды.

2026 жылы 173 аула мен қоғамдық кеңістікті абаттандыру, 1,1 миллион түп жасыл желек егу көзделген.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Астана әкімі Жеңіс Қасымбектің қызметін оң бағалап, елорданы одан әрі дамытуға қатысты бірқатар тапсырма берді.

## СЫР ДИҚАНДАРЫНЫҢ ДҮБІРІ

Қызылорда облыстық Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының дерегінше, биыл өңірде 185 800 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілмек. Бұл бірінші кезекте Мемлекет басшысының су үнемдеу саясатына орай жүзеге асырылып отырған баянды бастама саналады. Соның негізінде биылғы меже бойынша күріш көлемі өткен жылмен салыстырғанда 10 900 гектарға азайтылып, 70 мың гектар деңгейінде бекітілген.

→ 7



## БІЛІМ ӘЛЕМІНДЕГІ ҮЛКЕН БЕТБҰРЫС

Президент Қ.Тоқаев шетелдік инвесторлар кеңесінде сөйлеген сөзінде: «Университеттердің өсуі мен тиімділігінің іргелі тетігі – автономия болуға тиіс», – деп атап өтті. Үнемі шенеуніктер жетегінде жүрген жоғары оқу орындары жетіліп, жоғары жетістіктер шыңын бағындыруға ұмтылмайды. Бастысы – жоспарды орындап, мемлекеттік білім тапсырысын толыққанды әрі уақытылы игерсе жеткілікті. Бірақ енді жағдай өзгереді.

→ 6



## ӘСКЕРИ МУЗЕЙ – ОТАНШЫЛДЫҚТЫҢ ЖАРШЫСЫ

Әскери-тарихи музей Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Ұлттық әскери-патриоттық орталығының филиалы ретінде ашылған. Негізгі музей Астана қаласында 2015 жылы жұмысын бастады, одан кейін Алматыда музейдің екінші филиалы келушілерге есігін ашты. Енді, міне, Родинадағы музей небәрі 1,5 жыл ішінде жасақталып, халық игілігіне беріліп отыр.

→ 8



## ҚАМЫСТАН ТӨНЕР ҚАУІП КӨБЕЙДІ

Сын тек Парламенттен ғана, қоғам тарапынан да айтылып отыр. Себебі көктем мен жаз мезгілінде Атырау қаласын қою түтін басып, тұрғындар бірнеше апта бойы қолайсыз жағдайда өмір сүруге мәжбүр болады. Экологтар қамыс өрті тек ауа сапасына әсер етіп қоймай, адамдардың саулығына, сирек кездесетін құстар мен жануарлардың мекен ету ортасына қауіп төндіретінін айтады.

→ 7



26 МАМЫР 2026 | СЕЙСЕНБІ



## СЕНАТ БЮРОСЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Сенат бюросының отырысы өтті. Депутаттар 28 мамырға жоспарланған палата отырысының күн тәртібін қарады.

Бюро мүшелері палатаның алдағы отырысында «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Оман Сұлтандығының Үкіметі арасындағы табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісімді және оған Хаттаманы ратификациялау туралы» ҚР заңын қарау туралы қаулы қабылданды. Құжаттың негізгі мақсаты — елдер арасындағы экономикалық ынтымақтастықты нығайту және кеңейту, сондай-ақ инвестиция үшін қолайлы жағдай қалыптастыру. Атап айтқанда, екі елдің резиденті заңды және жеке тұлғалардың табысына қосарланған салық салуды болдырмау көзделген.

«Еуразиялық экономикалық одақ пен үшінші тараптың (үшінші тараптардың) кедендік тран-

зитінің бірінші жүйесі туралы келісімді ратификациялау туралы» заң Қазақстан аумағы арқылы жүк ағынын ұлғайтуға, көлік бағыттарын дамытуға және еліміздің транзиттік хаб ретіндегі бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған.

Сондай-ақ палата отырысының күн тәртібіне «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне педагог мәртебесі, білім беру, денсаулық сақтау және баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң және басқа да заңдар шығарылды.

Отырыс барысында депутаттар бұған дейін Мәжіліс қабылдаған заңдарды тұрақты комитеттер арасында бөліп берді.



## ЗАҢДЫ БІЛГЕН ТӘРТІПТІ ДЕ БІЛЕДІ

Қарағанды облысында «Заң және тәртіп» қағидаты аясында жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. Б.Бейсенов атындағы Ішкі істер министрлігінің Қарағанды академиясында «Құқықтық тәртіп, заңдылық және патриотизм: ұлттық және халықаралық тәжірибе» тақырыбында халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті. Шара «Заң және тәртіп» идеологиясын жүзеге асыру және Қарағанды облысының прокуратурасы жанындағы Жобалық офисінің жүйелі жұмысы аясында ұйымдастырылды.



### Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ, Қарағанды облысы

Аралас форматта өткен конференцияда құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, заңдылықты нығайту, қылмыстық және әкімшілік құқықтық дамыту, криминалистиканың заманауи сын-қатерлері және киберқылмысқа қарсы іс-қимылдың өзекті мәселелері кеңінен сөз болды.

Конференция барысында құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, цифрлық қауіп-қатерлердің алдын алу және жаңа буын мамандарын даярлау мәселелері кеңінен талқыланды. Қатысушылар заң үстемдігін нығайту, құқықтық мәдениетті қалыптастыру және қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі білім мен ғылымның рөліне ерекше назар аударды.

— Қазіргі уақытта құқықтық тәртіп пен заңдылық мәселелері бұрынғыдан да өзекті бола түсті. Қазіргі қауіп-қатерлер күрделеніп, қылмыс цифрлық кеңістікке ауысты. Сондықтан қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жаңа буынның кәсіби өрі технологияны жетік меңгерген мамандары қажет. Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан «Заң мен тәртіп» қағидаты осы тұрғыда ерекше маңызға ие. Заңға құрмет әділдік сезімінен, жеке жауапкершіліктен және азаматтық санадан басталады. Қарағанды облысында бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп, жыл басынан бері 100 мыңнан астам адамды қамтыған 300-ден астам іс-шара ұйымдастырылды. Бүгінгі конференция білім мен тәжірибе алмасуға, сондай-ақ заман талабына сай ойлайтын және жаңа сын-қатерлерге дайын кәсіби ортаны қалыптастыруға мүмкіндік береді, — деді Қарағанды облыстық Ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов.

Конференция барысында қылмыстың жаңа түрлерімен күресу, әсіресе киберқылмыс, интер-


неталайық және есірткі саудасының алдын алу мәселелері кеңінен талқыланды. Қатысушылар ғылыми зерттеулер мен практикалық тәжірибені ұштастыру қазіргі заманғы қауіп-қатерлерге тиімді қарсы тұрудың басты тетігі екенін атап өтті.

— Бүгінде қылмыс түрлері жаңа сипатқа ие болып, олардың басым бөлігі интернет кеңістігіне көшті. Әсіресе, есірткі саудасы мен алаяқтық қылмыстары ұйымдасқан сипат алып, құқық қорғау органдарының алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Тергеу-оперативтік қызметте заманауи әдістер мен ғылыми тәсілдерді қолдану аса маңызды. Ғылыми ізденістер мен практикалық білімнің үйлесуі ғана бұл қауіп-қатерлерге тиімді қарсы тұруға мүмкіндік береді. Қарағанды академиясы әрдайым жоғары білікті кадрларымен, іргелі зерттеулерімен және ғылыми әзірлемелерімен ерекшеленіп келеді. Академияда киберқылмысқа қатысты алғашқы пәндер енгізіліп, бүгінде киберқауіпсіздік кафедрасы табысты жұмыс істеп, бірқатар ғылыми жоба жүзеге асыруда. Бүгінгі конференция — жай ғана кезекті іс-шара емес, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін таныстыратын маңызды алаң, — деді Қарағанды облысы прокурорының орынбасары Еділ Жұбанов.

Секциялық отырыстарға Ресей Федерациясы, Қырғыз Республикасы және Беларусь Республикасы ИМ академияларының курсанттары қатысып, ғылыми баяндамаларын ұсынды. Сонымен қатар Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті және Bolashaq академиясы студенттері құқықтану мен құқық қорғау жүйесінің өзекті мәселелеріне арналған зерттеулерін таныстырды. Халықаралық конференция құқықтық мемлекет қағидаттарын нығайтуға, ғылыми тәжірибе алмасуға және жас зерттеушілердің әлеуетін арттыруға бағытталған маңызды алаңға айналды.

## МӘЖІЛІСКЕ ҚЫТАЙ ПАРЛАМЕНТІНІҢ БАСШЫСЫ КЕЛДІ

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов Қазақстанға ресми сапармен келген Қытай Халық Республикасы Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысы Тұрақты комитетінің төрағасы Чжао Лэцзимен кездесті. Мәжіліс спикері Шаньси өлкесіндегі көмір шахтасында болған газ жарылысы салдарынан көптеген адамның қаза болуына байланысты қытайлық әріптесіне және барша Қытай халқына көңіл айтты, жарақат алғандардың тезірек сауығып кетуіне тілектестігін білдірді.



Чжао Лэцзи Астанаға Мәжіліс Спикерінің шақыруымен келді. Мәртебелі мейманды қарсы алған Ерлан Қошанов бұл сапардың тарихи маңыздылығын атап өтіп, Қытай Қазақстанның тату көршісі әрі сенімді серіктесі екенін тоқталды.

— Бүгінде Қытай Халық Республикасы қарқынды дамып келеді. Ол — әлемдегі экономикасы ең ірі және озық елдің бірі, халықаралық саясаттың негізгі қатысушысы. Біз үшін Қытаймен мәңгілік жан-жақты стратегиялық серіктестікті дамыту өте маңызды. Екіжақты қатынасымыз жаңа «алтын 30 жылдыққа» қадам басты. Бұл — Қазақстан мен Қытай көшбасшыларының жеке үлесінің, олардың берік достығының, тұрақты кездесулерінің нәтижесі. Өткен жылы біздің мемлекеттеріміздің басшылары екі рет кездесті. Осы диалогтардың әрқайсысы қазақ-қытай қарым-қатынасының дамуына қуатты серпін берді, — деді Мәжіліс Спикері.

Ерлан Қошанов Қазақстан мен Қытай парламенттері екі ел көшбасшылары айқындап берген бағдар бойынша сенімді серіктестікті одан әрі дамыту үшін бар күш-жігерін салып жатқанын атап өтті. Аукымды ынтымақтастық пен заң шығару саласында тәжірибе алмасу барлық деңгейде жолға қойылып, Қазақстан — Қытай достық топтары белсенді жұмыс атқаруда.

Мәжіліс Төрағасы қытайлық әріптесіне елімізде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Әділетті және Прогрессивті Қазақстан құру жолында кезең-кезеңімен іске асып жатқан ауқымды реформалар туралы айтып берді. Республикалық референдумда азаматтардың басым көпшілігі қолдаған жаңа халық Конституциясының қабылдануына ерекше назар аударылды. «Адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» қағидаты оның өзегіне айналды. Сонымен қатар жаңа Ата заң бір палаталы Парламентке — Құрылтайға көшуді, сондай-ақ Вице-Президент пен Халық Кеңесі сияқты жаңа институттардың құрылуын бекітті.

Екіжақты ықпалдастық туралы айта келе, Мәжіліс Спикері елдер арасындағы партияаралық ынтымақтастық қарқынды дамып жатқанын атап

өтті. Бұл да стратегиялық әріптестікті нығайтуға септігін тигізеді. Әңгіме барысында ол Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысының депутаттары Қытай Коммунистік партиясына 105 жыл толуымен құттықтады.

Ерлан Қошанов заң шығару жұмысына тоқталып, 2026 жыл Қазақстанда Цифрландыру және жасанды интеллект жылы болып жарияланғанына мән берді. Мемлекет басшысының алдағы үш жылда елімізді цифрлық мемлекетке айналдыру жөніндегі стратегиялық мақсатын іске асыру үшін Парламент депутаттары жасанды интеллект туралы заң мен Цифрлық кодексті әзірлеп, қабылдады. Бұл ретте Қазақстан депутаттары әлемдегі ең ірі цифрлық державаның бірі саналатын Қытаймен осы бағыттар бойынша тәжірибе алмасуға қызығушылық танытып отыр.

Өз кезегінде, Қытай Халық Республикасы Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысы Тұрақты комитетінің төрағасы Чжао Лэцзи қазақстандықтарды референдумның жемісті өтуімен және жаңа Конституцияның қабылдануымен құттықтап, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен Әділетті Қазақстан құру мақсатына қол жеткізілетініне сенім білдірді. Сондай-ақ ол қазақстандық әріптестеріне алдағы бір палаталы Құрылтай сайлауында табыс тіледі.

Чжао Лэцзи Қытай тарапы дәстүрлі достық пен жоғары деңгейдегі өзара сенімді Қытай мен Қазақстан халықтарының игілігі жолындағы ынтымақтастықтың нақты нәтижелеріне айналдыруға бағытталған екі ел басшыларының маңызды келісімдерін іске асыру үшін бар күш-жігерін салуға дайын екенін айтты.

Тараптар сондай-ақ инвестиция, энергетика, сауда, логистика және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты заңнамалық тұрғыда қолдауға қатысты көптеген мәселені талқылады.

Қытай Халық Республикасы Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысы Тұрақты комитеті төрағасының ресми сапары аясында Сенат Спикерімен кездесу, Астанадағы бірқатар іскерлік және мәдени нысандарға бару жоспарланған.

## «ТҰЗДЫ КӨЛДЕРДІҢ ӘНДЕРІ»: ДАЛА ТЫНЫСЫ

«AMANAT» партиясының SocioExpertClub диалог алаңында жазушы әрі публицист Бекнұр Қысықовтың «Тұзды көлдердің әндері» романының тұсауы кесілді. Іс-шара барысында аталған шығарма жан-жақты талқыланып, қатысушылар өзара пікір алмасты.



Ашық диалог форматында өткен кездесуге ғылыми институттар мен жоғары оқу орындарының өкілдері, сарапшылар, студенттер және БАҚ өкілдері қатысып, әдебиет әлеміне қатысты әсерлі әңгіме өрбіді. Қаламгер Бекнұр Қысықовтың айтуынша, «Тұзды көлдердің әндері» романының өзегі — ізгілік, махаббат және адами құндылықтар.

— Жиырмасыншы ғасыр — өте күрделі кезең. Халқымыз көп сынақтан өтті. Дегенмен өмірде тек қасірет қана емес, жақсылық та бар. Романды оқып шыққаннан кейін адамдар махаббат пен мейірімділік — өмірдің өзегі екенін түсінсе деймін, — деді автор.

Жазушының айтуынша, роман қарапайым әрі түсінікті тілде жазылды. Ондағы идеялар — әрбір оқырманның жанына жақын. Ол аға буынның тағдырына қатысты естелі тақырыбына, олардың ғашықтық, достастық сезімдеріне, қиындықтарды қалай еңсеріп, әрі қарай өмір сүруге қалай күш таппанына ерекше назар аударды.

Талқылау барысында қатысушылар қазіргі қоғамда кітап оқу мәдениетін дамытудың маңызын да атап өтті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен кітап оқу мәдениетін ілгерілету қадамы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының біріне айналғаны айтылды. Биыл 16 мамырда қол қойылған «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлық кітаптардың қолжетімділігін жолға қоюға, оқырмандарға арналған инфрақұрылымды жаңғыртуға және қоғамның әдебиетке деген қызығушылығын арттыруға бағытталып отыр.

«AMANAT» партиясының отандық авторлар мен баспагерлерге қолдау көрсету және кітап оқу мәдениетін ілгерілету бағытында атқарып жатқан жұмысы да назардан тыс қалған жоқ. Атап айтқанда, партияның ұсынысымен отандық кітап шығарушылар ККС төлеуден босатылды, ел аумағында «Кітап-AMANAT» жобасы аясында 24 кітап орталығы ашылды, сондай-ақ «Кітап оқитын ұлт» мәдени-ағартушылық бастамасы жүзеге асырылуда.

Кездесу соңында ашық пікірталас өткізілді. Сондай-ақ іс-шара қатысушыларына арналған авторграф-сессия ұйымдастырылды.

# МІНБЕР

26 МАМЫР 2026 | СЕЙСЕНБІ

Мемлекеттік басқару жүйесінде кәсібилік пен жаңа көзқарасқа сұраныс артқан кезеңде кадр даярлау мәселесі күн тәртібінен түспей тұр. Осы бағытта жүйелі жұмыс жүргізіп келе жатқан «AMANAT» партиясының Саяси менеджмент академиясы бүгінде жаңа буын басшыларын даярлайтын маңызды алаңға айналды. Академия директоры Тамара Дүйсеновамен мемлекеттік қызметтегі заманауи талаптар, әкімдер мен депутаттарды оқытудың жаңа тәсілдері, кадрлық резервтің әлеуеті және саяси менеджменттегі трансформация жайында әңгімелескен едік.

— Тамара Қасымқызы, сіз еңбек жолыңызды өңірде, экономикалық және әлеуметтік саладағы қызметтерден бастап, мемлекеттік басқару жүйесінде жоғары лауазымды қызметтер атқардыңыз. Қазір еліміздегі ең ықпалды «AMANAT» партиясының Саяси менеджмент академиясын басқарып отырсыз. Мемлекеттік қызметтегі ұзақ жылдық тәжірибеніңе сүйеніп, мемлекеттік басқару саласына кадр даярлаудың өзекті тұстары қандай деп ойлайсыз?

— Меніңше, жай ғана білікті орындаушыларды емес, өзіне жауапкершілік ала алатын, нақты нәтижеге жету үшін жұмыс істейтін әрі өзгеріске тез бейімделе алатын басқарушыларды даярлау — қазіргі мемлекеттік басқару жүйесінің басты міндеті. Бүгінде мемлекеттік қызметші тек кәсіби біліммен шектелмеуге тиіс. Ол жүйелі ойлай алатын, қарым-қатынас дағдыларын меңгерген, жобаларды басқаруға машықтанған, ауқымды деректермен және заманауи цифрлық құралдармен жұмыс істеуге қабілетті адам болуы қажет.

Сонымен қатар кадр даярлаудың нақты іс жүзіндегі қырларына мән беру ерекше маңызды. Оқыту үдерісі өңірлерге жүктелген міндеттермен және жергілікті жерде мемлекеттік қызметшілер күнделікті айналысатын шаруалармен тығыз байланысты болуы керек.

Осы орайда маңызды мәселенің бірі — үздіксіз білім алу мәдениетін қалыптастыру. Қазіргі заман өте жылдам өзгеруде, соған сәйкес білім де үнемі жаңарып отырады. Бүгінгі білім ертен өзектілігін жоғалтуы мүмкін. Сондықтан басқарушы мамандар өзінің білім-білігін үнемі дамытып, жана тәсілдерді уақытылы меңгеруге дайын болуы керек.

Әрине, жауапкершілік, ашықтық, халықты тыңдай білу және қоғам мүддесіне адал қызмет ету сияқты адами қасиеттер әрдайым басты фактор болып қала беретіні анық.

Бір сөзбен айтсақ, мемлекеттік басқарушының бойында кәсіби біліктілік пен адамгершілік құндылықтар қатар көрініс табуға тиіс.

## МОДУЛЬДІК БІЛІМ БЕРУ — КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢІМЕН ОҚЫТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН

— Жалпы, адам үнемі үздіксіз білім алып, жан-жақты дамып отыруы керек дейсіз ғой. Саяси менеджмент академиясының бастамасымен іске қосылған модульдік білім беру бағдарламасы адамның білімі мен біліктілігін жетілдіруде несімен ерекшеленді?

— Модульдік білім беру бағдарламасының басты ерекшелігі — оның нақты практикалық нәтижеге және кезең-кезеңімен оқытуға бағытталуында. Бұл жүйе жергілікті мемлекеттік басқару органдары мен қоғамдық-саяси ұйымдар басшыларының және тиісті кадрлардың біліктілігін арттыруға арналған.

Бағдарламаны әзірлеу барысында Академия ұйымдастырған фокус-топтарда партия мүшелері ұсынған пікірлер, өңірлердегі кездесулерде көтерілген мәселелер және бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған ұсыныстар жан-жақты ескерілді. Оның мазмұнын Ғылым және жоғары білім министрлігіне қарасты Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Республикалық оқу-әдістемелік кеңесі биыл қантар айында мақұлдады.

Жаңа бағдарлама ауылдық округ әкімдерінің, барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының және партия активінің күнделікті қызметіне барынша бейімделген. Оның бұрынғы қысқарған, біртүрлі курстардан негізгі айырмашылығы да осында.

Оқыту көшбасшылық, өңірлік даму жүйесі, салық салу, мемлекеттік бюджет, қарым-қатынас және саяси ғылымдар секілді басты бағыттар бойынша алты модульден және үш кезеңнен тұратын курс түрінде жүргізіледі.

Сонымен қатар онда үздіксіз білім беруге және кезең-кезеңімен жүйелі оқытуға баса назар аударылған. Тыңдаушылар ең алдымен оқу материалдарын меңгеруді, содан кейін алған білімін тәжірибе жүзінде сынап көреді, сонында өз жобаларын әзірлеп, оны қорғайды.

Мұндай тәсіл қатысушылардың кәсіби даярлығын арттырып қана қоймай, алған білімін өңірлердегі нақты нәтижемен ұштастыруға мүмкіндік береді.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев барлық деңгейдегі депутаттарды жүйелі түрде даярлау және олардың біліктілігін арттыру қажеттігін бірнеше рет

айтты. Бағдарлама аясында қандай негізгі бағыттар іске қосылды және алғашқы нәтижелер қандай?

— Бағдарламаның түпкі нәтижесі туралы айтуға әлі ертерек. Себебі ол 14 сәуірде ғана ресми түрде іске қосылды. Дегенмен алғашқы он нәтижелер қазірдің өзінде байқалып отыр.

Біріншіден, алғашқы тыңдаушылар бағдарламаның деңгейі жоғары, мазмұны бай екенін, лекторлар білікті, тақырыптар өзекті екенін, сондай-ақ оқыту үдерісі бұрынғы курстармен салыстырғанда іс

Тамара ДҮЙСЕНОВА:

# МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНЕ

## БЕЙІМДІ БАСҚАРУШЫЛАР ҚАЖЕТ

жүзінде қолдануға барынша бейімделгенін атап өтуде.

Екіншіден, тыңдаушылар мен нысаналы топтар барынша қамтылды. Қазірдің өзінде 13 өңірде 1 600-ден астам тыңдаушы модульдік бағдарлама бойынша оқып жатыр.

Үшіншіден, әлден-ақ, партияның аймақтардағы мықты кадрларын анықтауға жақсы мүмкіндік туды. Бұл ретте, жобаны болашағынан үміт күттіретін білікті басқарушыларды іріктеп, оларды мемлекеттік және саяси қызметке тартатын кадрлық лифт деуге болады. Болашақта оның негізінде партияның сапалы кадрлық резерві қалыптасады деп сенеміз.

— Сіздіңше, цифрландыру дәуірінде мемлекеттік басқару саласына қажетті мамандарды даярлау тәсілі қалай өзгеруге тиіс? Жасанды интеллектпен жұмыс істеу тұрғысынан алғанда мемлекеттік қызметшіге қандай талаптар қойылуы керек? Деректерге негізделген шешім қабылдау дағдылары оқу бағдарламасына енгізілді ме?

— Ең алдымен, жасанды интеллекттің қолдану — тек «заманауи құрал пайдаланып жатырмыз» деген формалды ұстаным емес екенін түсіну қажет. Жасанды интеллект деректерді талдауға, жана үрдістерді анықтауға, болжам жасауға және көңілге қонымды шешім қабылдауға қажетті құрал ретінде ғана қолданылуға тиіс.

Қалай болғанда да, түпкілікті шешімді жауапты тұлға қабылдайтындықтан, басты рөлді адам өзі атқарады. Сол себепті басқарушы кадрлардың білімі мен біліктілігіне, кәсіби даярлығына айрықша назар аударылады.

Осыған орай, Академия білім беру бағдарламаларын жүйелі түрде әрі түбегейлі қайта қарап, олардың практикалық бағытын күшейтіп жатыр. Оқыту үдерісінде мамандардың басқару қабілетін дамытуға жете көңіл бөліп отыр. Мен бұл жерде азаматтарымыздың цифрлық дағдысын ғана емес, олардың стратегиялық ойлау, жобаларды басқару, талдау жасау және деректер негізінде шешім қабылдау қабілетін жақсарту туралы айтып отырмын.

Жаппай цифрландыру жағдайында жекелендірілген оқыту тәсілі ерекше маңызға ие. Қазір Академияның бірінші цифрлық білім беру платформасын әзірлеу жұмыстары аяқталуға жақын. Бұл жүйе әрбір тыңдаушыға тұрғылықты жеріне қарамастан курстарды, оқыту форматы (онлайн/оффлайн) мен тілін және оқытушыларды таңдау мүмкіндігін берді. Яғни бұл әрбір тыңдаушы өзінің кәсіби қажеттілігіне сәйкес жеке білім беру траекториясын қалыптастыруға мүмкіндік алады деген сөз.

Бұдан бөлек, Академия жетекші өңірлік жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықты дамытуға баса мән береді. Қазірдің өзінде оннан астам университетпен серіктестік орнатылды. Мысалы, Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті өңірлік бағдарламаларды іске асыру үшін жасанды интеллектті пайдаланатын микробіліктілік бағдарламасын әзірледі. Бұл тыңдаушыларға жасанды интеллекттің өз жобасын орындауға қажетті құрал ретінде қолдана алуға мүмкіндік береді.

Дегенмен біз мемлекеттік басқару жүйесінде даярлығы жоғары өңірлік маман ғана жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін тиімді әрі жауапкершілікпен пайдалана алады деген ұстанымды негізге алатынымызды тағы да қайталап айтқым келеді.



## ӨНІРЛЕРДІҢ НАҚТЫ СУРАНЫСЫ ЕСКЕРІЛЕДІ

— Бұл бағдарламаның классикалық үлгідегі университетте оқудан өзгешелігі не? Академия мен ЖОО арасындағы ынтымақтастық мемлекеттік басқару саласына кадр даярлауда қаншалықты тиімді болмақ?

— Бағдарламаның дәстүрлі университетті оқытудан негізгі айырмашылығы — оның нақты практикалық міндеттерге және өңірлік даму қажеттіліктеріне бағдарлануында.

Бұл бастама жоғары оқу орындарының рөлі мен миссиясын кеңейтеді. Университеттер тек білім беру ұйымы ғана емес, өңірдің адами капиталын дамыту орталығына айналуға тиіс.

Осы тұрғыда Торайғыров университетінің тәжірибесін ерекше атап өтуге болады. Университет барлық мүдделі тараптармен бірлесіп жана мамандықтар картасын әзірлеп, оны тәжірибеге енгізіп келеді.

Басқаша айтсақ, жоғары оқу орны студенттерді ғана емес, қазіргі мәслихат депутаттары мен мемлекеттік қызметшілердің де біліктілігін арттыратын мекемеге айналып, мемлекеттік басқару саласындағы толыққанды өңірлік құзырет орталығы атанады.

Сонымен бірге білім беру жүйесі өңірлердің нақты сұранысына бейімделеді. Университеттер аймаққа қандай басқарушы мамандар қажет екенін ескере отырып, білім беру бағдарламаларын жанартады, қолданбалы зерттеулер жүргізеді және нақты кейстерге негізделген оқыту жүйесіне көшеді.

Бұл өз кезегінде оқытушылардың кәсіби деңгейін арттырып, жоғары оқу орындарының мемлекеттік институттардың сенімді сараптамалық серіктесіне айналуына ықпал етеді.

— Бағдарлама аясында білім алушылардың тәжірибелік құзыретін арттыру үшін қандай жаңа тәсілдер енгізіліп жатыр?

— Жоғарыда айтып өткенімдей, біз бағдарламаның негізгі қағидаттарын әу бастан айқындап алдық. Өлшеуге болатын нақты нәтижеге жету көзделмесе, кез келген жоба тек идея қалпында қалатыны анық. Сондықтан оқу үдерісі жергілікті жердегі нақты міндеттерді орындауға бағытталды.

Мысалы, ауыл әкімі жергілікті тұрғындармен бірлесіп елді мекенді абаттандыруға мүдделі болса, негізгі міндеттің бірі — ауыл бюджетіне түсетін түсімдерді арттыру.

Бұл жерде мүлік салығы бойынша салық базасын кеңейту мәселесін жобаның тақырыбы ретінде тандауға болады. Жобаны іске асыруда тыңдаушылар теориялық біліммен ғана шектелмей, шаруашылық кітаптарындағы мәліметтерді түгендеу, мемлекеттік дерекқорлармен салыстыру, қажет болған жағдайда жылжымайтын мүлік нысандарын қайта бағалау және салық түсімдерін арттыруға ықпал ету сияқты практикалық жұмыстарды кезең-кезеңімен меңгереді.

Сонымен бірге ол жобасының мақсат-міндеттерін, қандай нәтижеге жеткісі келетінін жұртқа түсіндіріп, тұрғындармен тығыз қарым-қатынас орнатуға тиіс. Бұл — жұмыстың ең басты өлшемдерінің бірі.

Мұндай тәсіл бір мезгілде екі маңызды міндетті шешуге мүмкіндік береді: бір жағынан, ауыл бюджетінің кірісі артады, екінші жағынан, әкімдік командасының

экономикалық және басқарушылық құзыретін күшейтуге ықпал етеді.

— Тәжірибеге бейімделген білім беру жүйесі қалыптасқан басқару тәсілдерін қалай өзгертуге тиіс деп ойлайсыз?

— Тәжірибеге бағдарланған оқыту жүйесі, ең алдымен, дәстүрлі өкімшілік тәсілден нақты жобалар арқылы нәтижеге жеткізетін ойлау және басқару моделіне көшуге ықпал етуге тиіс.

Жобаларға бағалау жасағанда дәл осы өзгерістер көптеген қатысушы үшін қиындық тудыратынын байқадық. Іс жүзінде азаматтардың іс-әрекетіндегі түпкі межесін айқындау, белгілі бір өлшемдері бар мақсат қою және толыққанды жобалық логика қалыптастыру оңай емес екені анықталды.

Сонымен қатар жобаларды іске асырған кезде деректермен және талдау материалдарымен жұмыс істеу дағдысының және топтасып істейтін жұмысты ұйымдастыру тәжірибесінің аздығына байланысты қиындықтар туындауы мүмкін.

Қазіргі мемлекеттік басқару ісінде өкімшілік шешімдер ғана емес, басқарушының әкімдіктермен, депутаттармен, қоғамдық ұйымдармен және бизнеспен тең дәрежеде байланыс орнату білу қабілеті де маңызды.

Сондықтан бағдарламада адамның көшбасшылық және қарым-қатынас орнату білу қабілетін ашуға ерекше назар аударылған. Жобалық жұмыстың ажырамас бөлігі саналатын бұл қасиеттер өзара қарым-қатынас құру, топтасып атқарылатын жұмысты үйлестіру және өзгерістерді тиімді басқару дағдыларын қалыптастырады.

— Қазір жас мамандар мемлекеттік қызметке қызыға ма? Оларды мемлекеттік қызметке тартудың жолдары қарастырылған ба?

— Қазіргі жас мамандар үшін тек жұмысқа орналасу мүмкіндігі ғана емес, кәсіби өсу перспективасы, еңбегінің әділ бағалануы және қабілетіне сай мансаптық даму мүмкіндігі аса маңызды. Сондықтан біз осы жоба аясында оқыту нәтижелері мен кадрлық шешімдердің өзара тікелей байланысын қалыптастыруды көздеп отырмыз.

Біз үшін оқыту формалды сипатта болмауы айрықша маңызды. Керісінше, бұл жүйе әр азаматтың кәсіби біліктілігін дұрыс бағалауға, партиядағы рейтингін әділ айқындауға және мансабының білім-білігіне сәйкес өсуіне тікелей әсер етуі керек.

«Оқыту — жоба — рейтинг — кадрлық шешім» логикасы толыққанды жұмыс істей бастаса, шынайы бәсеке орнап, жас мамандардың мемлекеттік қызметке қызығушылығы күшейеді. Сонда мемлекеттік және партиялық қызметке белсенді, бастамашыл жастар көптеп келе бастайды.

## САЯСИ МЕНЕДЖМЕНТ — САЯСИ МАҚСАТТАРДЫ ОРЫНДАУДЫҢ ТИІМДІ ТЕТІГІ

— Саяси менеджмент жұмыспен қамту мәселесін, әсіресе жастар мен өңірлердегі жұмыссыздық проблемасын шешуге көмектесе ала ма?

— Әрине. Себебі саяси менеджмент — саяси мақсаттарды нақты бағдарламалар мен жобалар арқылы жүзеге асырудың тиімді тетігі.

«AMANAT» партиясының халықты жұмыспен қамтып, табысын арттыруды көздейтін «Ауыл Аманаты» сияқты бастамалары — мұның бір дәлелі. Бұл

жоба басқарушылар шоғырын даярлау, игі бастамаларды жүзеге асыру жүйесін қалыптастыру және өңірлермен тиімді жұмыс істеу арқылы нақты жұмыс істейтін құралға айналып отыр.

Академиядағы оқыту да — осы жүйенің бір бөлігі. Себебі ол мемлекеттік және партиялық бағдарламаларды жергілікті деңгейде тиімді жүзеге асыра алатын мамандарды даярлауға бағытталған.

— Сіз, қазіргі күні елімізде кәсіби саясаткерлер мектебі қалыптасты деп айта аласыз ба?

— Саясаткер деген ұғымды мамандық емес, белсенді азаматтардың қоғамда атқаратын ролі ретінде қарастырып дұрыс болар. Бүгінде институционалдық тұрғыдан толық қалыптасқан, нақты біліктілік талаптары мен мансаптық даму сатылары жүйеленген кәсіби саясаткерлер мектебі толық қалыптасты деп айту қиын. Бұл бағыт енді ғана жүйелі түрде дамып келеді.

Қазір жобаларды басқару, халықтың сұранысына сай жұмыс істеу, деректерді талдау, қоғаммен қарым-қатынас құру, стратегиялық жоспарлау және мемлекеттік үдерістерді терең түсіну секілді машықтар мен дағдыларды біртұтас кәсіби стандарт деуге болады.

Сөз орайы келгенде, Академияның жана оқыту моделі дәл осы міндеттерге сәйкес құрылып жатқанын айта кеткен жөн.

— Еліміздің саяси сахнасындағы өйел көшбасшылардың шоғырын қалыптастыру қаншалықты өзекті деп ойлайсыз? Мемлекеттік басқару саласында жұмыс істегісі келетін қыз-келіншектерге қандай кеңес берер едіңіз?

— Ең бастысы, саясатты да, мемлекеттік басқару саласын да кәсіби орта ретінде қабылдау қажет. Адамның кәсіби біліктілігіне байланысты талап қойылғанда, ешкімді ер немесе әйел деп бөлмейтінін әрдайым есте ұстау қажет.

Сондықтан волонтерлік қозғалыстарға, жастар бастамаларына, қоғамдық ұйымдардың жұмысына және әлеуметтік жобаларға мүмкіндігінше ертерек араласқан дұрыс. Мұндай тәжірибе қоғамдық және мемлекеттік үдерістердің іс жүзінде қалай жұмыс істейтінін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Өз ұстанымыңды нақты жеткізе білу, сұхбаттасуыңды тыңдай да, тыңдата да білу және қабылдаған шешімнің дұрыстығын дәлелдей алу — мұның бәрі қоғаммен тығыз байланыс орнату үшін аса қажет қасиеттер. Қазіргі кезеңде бұл — артықшылық емес, кәсіби қызметтің негізгі талаптарының бірі.

Сондай-ақ қысымға төтеп бере білу қасиетін ерекше атап өткен жөн. Көпшіліктің алдында жүретін адамға көп салмақ түседі, маңызды жауапкершілік жүктеледі. Сын-ескертүүлەر болса, оған да шыдай білу қажет, шұғыл шешім қабылдауға тура келетін кездер болады. Сондай сәттердің бәрінде көңіл күйіңіз жетегінде кетпей, қашанда кәсіби маман ретінде салқынқанды қалпыңды сақтай білу керек.

Тағы бір маңызды нәрсе — әлдебіреулерге ұнауға, әркімнің көңілінен шығуға тырыспау қажет. Біреудің талабына сай болуға тырысу немесе мансап үшін жан дүниені жат тандау жасау, ақырында өзіндік опық жетгізеді.

Өз ұстанымың үшін жауапкершілік алып, түрлі жағдайға емес, өз сеніміңе арқа сүйеп әрекет ете алсаң ғана нағыз саяси салмағы бар тұлғаға айналасың.

— Сіздіңше, адам бойында көшбасшылық қасиет қалай қалыптасады?

— Меніңше, көшбасшылық қасиет бір күнде қалыптаспайды. Ол өмірлік тәжірибе, жауапкершілік, үздіксіз даму және адамдармен өзара қарым-қатынас арқылы біртіндеп дамыды.

Адам түрлі жағдайды бастан өткеріп отырып, шешім қабылдауды және сол шешім үшін жауап беруді үйренеді. Әрбір тәжірибе оның дүниетанымын кеңейтіп, өмірлік ұстанымын қалыптастырады. Өмірден алынатын әрбір сабақ алдыңғысын мансақтап жоққа шығармайды, керісінше оны толықтыра түседі.

Кітаптар, тәлімгерлер, кәсіби орта мен өмірлік жағдайлар да адамға зор әсерін тигізеді. Осының бәрі уақыт өте келе адамның ішкі әлемін қалыптастырып, айналадағы ахуалды, жеке құндылықтарын және қоғамдағы өз орнын тереңірек түсінуіне септігін тигізеді.

Бұл ойдың ғылыми негізі де бар. Мысалы, эмоционалдық интеллект саласындағы зерттеулер көшбасшының көңіл күйі мен ішкі энергиясы айналасындағы адамдарға өте жылдам әсер ететінін көрсетеді.

Айталық, басының алаңдаушылығы немесе сенімділігі сөз айтылмаса да, қысқа уақыт ішінде ұжымның жалпы ахуалына ықпал етуі мүмкін. Сондықтан қоғамға айналасына серпін беретін, адамдарды ортақ мақсатқа жұмылдыра алатын жасампаз көшбасшылар қажет.

Біз осы жолда жұмыс істеп жатырмыз. Көшбасшылық — даңғаз сөз емес, өмірлік тәжірибе, үнемі үйрену, адамдарды тыңдай білу және жауапкершілікті өз мойнына алу арқылы қалыптасатын қасиет.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан  
Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

## БАҒДАР

26 МАМЫР 2026 | СЕЙСЕНБІ

«АМАНАТ»: ЖАҢА КЕЗЕҢНІҢ  
ЖАҢА МҮМКІНДІГІ

Қостанай облысында М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университеті базасында «АМАНАТ» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанаты ұйымдастырған BIR TOLQYNDA жобасы аясында кездесу өтті. Оның барысында 200-ге жуық студент ел болашағы, технологиялар және жастардың қоғам өміріндегі рөлі туралы ашық пікір алмасты. Кездесуге «АМАНАТ» партиясының Хатшысы Александр Данилов, Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі Екатерина Смышляева, Qostanai Hub директоры Дамир Мнайдаров және А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті Жастар саясаты басқармасының жетекшісі Диана Ракпанова қатысты.

Партия Хатшысы Александр Даниловтың айтуынша, жобаның басты мақсаты – жастармен ашық пікір алмасу және олардың қоғамдағы өзекті мәселелерге қатысты көзқарастарын талқылау.

«АМАНАТ» партиясы мен «Жастар Рухы» жастар қанаты өскелең ұрпаққа арналған жобаларды жаңа форматта дамыту ісін жалғастырып келеді. BIR TOLQYNDA алаңы тек жастардың пікірін тыңдауға ғана емес, олардың бастамаларына нақты қолдау көрсетуге бағытталып отыр. Жастар тек идея ұсынып қана қоймай, оны жүзеге асыра алатын орта қалыптастыруға ұмтыламыз. Бүгінде белсенді, білімді әрі жауапты жастардың рөлі айрықша маңызды. Сондықтан еліміздің

барлық өңіріндегі жастардың үнін есту, олардың ұсыныстары мен мәселелерін ескеру маңызды. Осындай ашық кездесулер жастардың азаматтық ұстанымын қалыптастырып, олардың қоғамдық-саяси өмірге араласу деңгейін арттыруға ықпал етеді деп сенеміз», – деді Александр Данилов.

Кездесу барысында жастардың саяси белсенділігі, цифрландыру, жасанды интеллект мүмкіндіктері, қазіргі еңбек нарығының жаңа талаптары және жастардың қоғамдағы рөлі кеңінен талқыланды. Сондай-ақ жастардың елдің саяси өміріне араласу мәселесіне ерекше назар аударылды: студенттер өз азаматтық ұстанымын қалыптастыру кезінде

қандай критерийлерді ескеру қажет екенін, сондай-ақ сенімді әрі конструктивті қоғамдық бірлестіктер мен саяси партияларды қалай анықтауға болатынын сұрады.

Өз кезегінде, Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі Екатерина Смышляева жаңа технологияларды тиімді әрі жауапкершілікпен пайдаланудың маңызын атап өтті.

«Бүгінде цифрлық технологиялар өмірдің барлық саласына еніп жатыр. Жасанды интеллект – енді жай ғана тренд емес, болашақтың нақты құралы. Сондықтан жастар қауымы жаңа технологияларды пайдаланумен шектелмей, оларды дамыта алатын маман болуы маңызды. Қазіргі еңбек нарығында технологиялармен жұмыс істей алатын креативті жастар ерекше сұранысқа ие», – деді Мәжіліс депутаты.

Qostanai Hub директоры Дамир Мнайдаров жастарға IT және стартап саласындағы мүмкіндіктер туралы айтып, өңірде жүзеге асырылып жатқан инновациялық жобаларға тоқталды. Ол технология саласында жетістікке жету үшін үнемі өзін-өзі дамыту, жаңа білім іздеу және практикалық тәжірибе жинаудың маңызын атап өтті.

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Жастар саясаты басқармасының жетекшісі Диана Ракпанова студенттік жылдарда берілетін мүмкіндіктерді тиімді пайдаланудың маңызы туралы айтты.

BIR TOLQYNDA жобасы аясындағы кездесулер еліміздің бірнеше өңірінде өтті. Алдағы уақытта Қазақстанның барлық аймағында жалғасын табады. Соның нәтижесінде білім алмасу, бастамаларды дамыту және жаңа жобаларды қолдау мақсатында белсенді жастарды біріктіретін тұрақты білім беру қауымдастығы құрылады.

«АМАНАТ» партиясы Павлодар облыстық филиалы «Ерекше күтім – ерекше қолдау» пилоттық жобасы аясында «Қамқорлық пен сенім кеңістігі» диалог алаңын ұйымдастырды. Іргелі іс-шарада ерекше қажеттілігі бар бала тәрбиелеп отырған отбасылардың тұрмысын жақсартуға жауапты сала өкілдері бас қосты.

КЕДЕРГІСІЗ  
КЕЛЕШЕККЕ ҚАДАМ

Оған депутаттар, ата-аналар мен қамқоршылар, экологтар, дәрігерлер, әлеуметтік қызметкерлер, банк секторының және мемлекеттік органдардың өкілдері қатысты.

– Ерекше бала тәрбиелеп отырған ата-аналар өздерін жалғыз сезінбеуі керек. Бұл – аса маңызды. Бүгін осы алаңда оларды тыңдауға, көмектесуге және бірлесіп шешім іздеуге дайын жандар жиналды. Осындай кездесулер тең мүмкіндіктер қоғамын құруға жол ашады, – деді «Кедергісіз келешек» партиялық жобасының амбассадоры Александр Толмачев.

Іс-шара барысында бірнеше тәжірибе алаңы ұйымдастырылды. Бұл қадам әр қатысушыны толғандырған сұраққа нақты жауап табу мақсатында жасалды. Консультациялық секторда денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғау салаларының қызметкерлері және зейнетақы орталығының мамандары азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдап, түсіндіру жұмысын жүргізді. Сонымен қатар іс-шараға қаладағы барлық емхана өкілдері қатысып, балаларды медициналық тұрғыда сүйемелдеу мен оналту мәселесі бойынша ата-аналарға кеңес берді. Сондай-ақ жәрдемақы рәсімдеу, арнайы қызмет көрсету, білім беру және балаларды болашақта жұмысқа орналастыру төңірегінде толық ақпарат ұсынылды.

Психологиялық қонақжайда Өңірлік психологиялық қолдау орталығының мамандары аналармен де, балалармен

де өзара жұмыс істеді. Олар қатысушыларға түрлі көмек көрсетіп, пайдалы кеңес берді.

Ал жеке мәселе бойынша қабылдау бөлмесінде азаматтар мәслихат депутаттарымен және мемлекеттік органдардың басшыларымен әңгімелесіп, қордаланған түйткілдерді ортаға салды.

Іс-шара барысында II топ мүгеделі, есту қабілеті бұзылған Дархан Мырзаханов есімді азаматтың жетістігі талайды тамсандырды. Ол Павлодар сервис және тамақтану колледжін сәтті аяқтап, мамандық иесі атанды. «Шексіз мүмкіндік» партиялық қосалқы жобасы аясында аталған оқу орнымен ынтымақтастық меморандумы жасалып, дәл осы келісім арқылы Дархан Мырзаханов өзі оқыған колледжге ресми түрде жұмысқа орналасты.

– Қоғамға пайдалы болу және азаматтардың қолдауын сезіну – мен үшін өте маңызды. Сенетін, үміт артатын адамдар қасыннан табылса, келер күнге деген сенімін нығайды. Сондықтан өзге де жас азаматтарға айтарым, ешқашан жасқануға болмайды. Үнемі жақсылыққа, білімге ұмтылу қажет, – деді Дархан Мырзаханов.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, «Ерекше күтім – ерекше қолдау» жобасы – бірреттік іс-шара емес. Бұл – Павлодар өңіріндегі инклюзивті ортаны дамытуға және көмекке мұқтаж жандарға тұрақты қолдау көрсетуге арналған ашық диалог алаңы.

## СЕНІМ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК

«Әділет» мектепке дейінгі және орта білім беру жеке ұйымдарының республикалық қауымдастығы Астанадағы Таптур көпбейінді кешенінде «Білім берудегі жаңа мүмкіндіктер: жасанды интеллект және жаңғырту» тақырыбында конференция өткізді. Іргелі іс-шара барысында «АМАНАТ» партиясының Хатшысы Шолпан Каримова 100-ден астам мұғалімді партия қатарына қабылдады.

Өз кезегінде, «АМАНАТ» партиясының Хатшысы Шолпан Каримова ұстаздар қауымы партияның негізгі тірегі екенін атап өтті.

– Бүгін 100-ден астам мұғалім «АМАНАТ» партиясының қатарына қосылды. Ел жастарына сапалы білім мен саналы тәрбие беретін мамандық иелерінің осындай дұрыс әрі жауапты таңдау жасағаны қуантады. Білім беру саласында қажырлы еңбек етіп жүрген ұстаздарға қолдау көрсету, олардың кәсіби беделін биіктету және қоғамдағы мәртебесін арттыру – мем-

лекеттік және қоғамдық маңызы жоғары басым бағыттардың бірі. Мұғалімдер қауымы – «АМАНАТ» партиясының негізгі тірегі. Сол себепті ұстаздардың партия қатарына қосылуы – біз үшін аса маңызды, – деді Шолпан Каримова.

Осылайша, «Әділет» қауымдастығы төрағасының орынбасары, Space school мектебінің директоры Нұрболат Бисенғалиев, Valbobek балабақшаларының құрылтайшысы Оксана Ушкевич, Seed education және «Балажан» балабақшасының құрылтайшысы және бас директоры Гүлсім

Егизбаева, ZERO Education директоры Дәурен Момынкүлов және өзге де азаматтар «АМАНАТ» партиясының жаңа мүшелері атанды.

Осы орайда «Әділет» қауымдастығы төрағасының орынбасары, Space school мектебінің директоры Нұрболат Бисенғалиев дұрыс таңдау жасай білгенін мәлімдеді.

– «АМАНАТ» партиясының қатарына қосылғаным өте қуаныштымын. Бұл шешім жаңа мүмкіндіктерге жол ашып қана қоймай, жоғары жауапкершілік жүктейді. Себебі маңызды міндеттер нақты шешімдер мен жүйелі жұмысты талап етеді. Мен дұрыс таңдау жасалды деп есептеймін, – деді Нұрболат Бисенғалиев.

«АМАНАТ» партиясының бұл бағыттағы жүйелі жұмысы алдағы уақытта да лайықты жалғасын табады.



## Таза Қазақстан ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ – ҚОҒАМ АЙНАСЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы аясында елімізде «АМАНАТ» партиясының «Таза бейсенбі» экологиялық акциясы өткізілуде. Бұл акция азаматтар арасында экологиялық мәдениетті нығайтуға және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға бағытталып отыр.

Мәселен, Атырау облысы Жылыой ауданы Құлсары қаласында көшелер мен қоғамдық орындар қоқыстан тазартылып, арықтар, жаяу жүргіншілер жолдары ретке келтірілді. Сондай-ақ ағаш егу және көгалдандыру жұмысы қолға алынды.

Іс-шараны «Құлсары аумақтық» бастауыш партия ұйымы ұйымдастырды. Акцияға жалпы саны 200-ге жуық адам қатысты. Олардың қатарында партия мүшелері, еріктілер, жастар және қала тұрғындары бар.

«АМАНАТ» партиясы Жылыой аудандық филиалының төрағасы Сайлаубай Таласов қоршаған ортаны қорғау ісінің маңыздылығын атап өтті.

«Қоршаған ортаны қорғау – еліміздегі ең негізгі міндеттердің бірі. Осы арқылы қоғамда экологиялық мәдениет пен айналыны таза ұстау дағдысы қалыптасады. Жылыой ауданында «Таза бейсенбі» акциясы әр апта сайын тұрақты түрде өткізіліп келеді. Бүгін іс-шараға аудан тұрғындары белсенді атсалысып, көгалдандыру және санитарлық тазалық жұмысына көп үлес қосты. Мұндай игі бастамалар алдағы уақытта да лайықты жалғасын табады», – деді Сайлаубай Таласов.

Ал «АМАНАТ» партиясы Шымкент қалалық филиалы Еңбекші ауданында тұрғындар барынша көп жүретін орындарды тұрмыстық қалдықтардан тазартып, бейберекет өскен шөп пен ағаш бұтақтарын ретке келтірді. Сонымен қатар аумақты абаттандыру және санитарлық тазалықты сақтау бағытында бірқатар жұмыс жүргізілді.

Ігі іске 100-ге жуық адам жұмылды. Олардың қатарында партияның қалалық және аудандық филиалдарының қызметкерлері, жастар қанатының белсенділері және коммуналдық қызмет мекемелерінің жұмысшылары бар. Жалпы, жыл басынан бері мегаполисте аталған акция 15 мәрте ұйымдастырылып, нәтижесінде қала аумағынан 13 тоннаға жуық қоқыс шығарылды.

Ал Қызылорда облысы Тасбөгет кентінде Байқадам каналының жағалауы

мен сол мандағы тұрғын үйлердің аулалары тазаланды. Оған 100-ге жуық азамат қатысты. Олардың қатарында «АМАНАТ» партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Жандос Базартай, партия филиалының атқарушы хатшы Ләйлі Төрешова, партияның облыстық филиалы жанындағы Экологиялық кеңес мүшелері, мәслихат депутаттары, бастауыш партия ұйымдары, «Жастар Рухы» жастар қанаты және қоғам белсенділері бар.

«Тасбөгет кентінің тұрғындары осы іс-шараны өткізуді өтінді. Азаматтардың

тілегі назардан тыс қалған жоқ. Тұрғындарды ортақ іс төңірегінде топтастырып, осы аумақта тазалық жұмысын ұйымдастырдық. Бұл – қоршаған ортаға жанашырлық танытып, әр азаматты туған жердің тазалығына жауапкершілікпен қарауға үндейтін маңызды бастама. Осындай іс-шаралар арқылы қоғамда экологиялық мәдениет қалыптасады деген сенімдеміз», – деді Жандос Базартай.

Айта кетейік, «АМАНАТ» партиясының «Таза бейсенбі» экологиялық акциясы еліміздің өзге өңірлерінде де өткізілді.




Бетті дайындаған Тілек КАБЫЛ

# КӨКЕЙКЕСТІ

26 МАМЫР 2026 | СЕЙСЕНБІ

2023 жылы желтоқсанда «AMANAT» партиясы Әйелдер қанатының төрағасы Шолпан Каримова «Психологиялық қызметті құру және оның жұмысын дамытуға жәрдемдесу» бастамасын көтерген еді. Бұл бастама кәсіби психологиялық көмектің қолжетімділігін арттыруға бағытталған маңызды қадам ретінде бағаланды.



рып, өткенге көз жүгіртсек, Қазақстандағы психологияның өзіндік жарқын әрі жеткілікті деңгейде ұзақ даму жолы бар екенін көру қуантады. Елімізде психолог кадрларды даярлау жүйесінің трансформациясы нәтижесінде, дипломы бар психологтардың жана буыны қалыптасып келеді. Қазақстандық университеттер халықаралық білім беру кеңістігіне белсенді түрде ықпалдасуда. Қос диплом бағдарламалары жүзеге асырылуда. Отандық жоғары оқу орындарына шетелден, оның ішінде Еуропа елдерінен студенттер келіп білім алып жатыр. Бұл базалық психологиялық білім сапасы мәселесінің жандық талаптар жүйесіне және біліктіліктерді өзара тану үдерісіне кіріктіріліп отырғанын білдіреді.

# ПСИХОЛОГИЯ: САЛАДАҒЫ САПА СТАНДАРТЫ

Аталған бағыттың тең төрағалары болып Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Айна Мусралимова мен академик, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор Зарема Шауқенова тағайындалды.

Осы бастама аясында тәжірибелі практик-психологтар, зерттеушілер және еліміздің жетекші жоғары оқу орындарының оқытушыларынан құралған арнайы жұмыс тобы жасакталды. Депутат Айна Мусралимова психологиялық көмекті дамыту мәселесіне қатысты депутаттық сауал жолдап, саладағы түйткілді мәселелерді көтерді.

2024 жылы сарапшылар комитеттік және жекеменшік жоғары оқу орындарының бейінді кафедраларымен бірлесіп, психолог мамандарды даярлау жүйесін, ғылыми мектептердің ахуалын және кәсіби стандарттарды жетілдіру мәселелерін талқылады. Сонымен қатар психологиялық қызметті зерттеушілермен бірлесіп, психологиялық қызметтің қалыптасуы мен дамуы туралы заң жобасын әзірлеген-ді. Бұл заң жобасы аталған саладағы құқықтық реттеуді көздейді. Биылғы 8 сәуірде заң Мәжіліс депутаттары тарапынан бірінші оқылымда мақұлданды. Жұмыс тобы оқылым барысында депутаттар ұсынған жекелеген баптарға енгізілетін түзетулер бойынша жұмысты жалғастыруда. Барлық мүдделі тарап, жауапты құрылымдар және ұйымдар талқылаулар өткізіп жатыр. Бұл халықтың да, кәсіби психологтардың да мүдделерін қорғауға бағытталған, психологтар мен азаматтар арасындағы өзара әрекеттестіктің барлық қырын реттейтін тәсілдерді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мұның Қазақстан халқының психологиялық ал-ауқатына және психологиялық көмек көрсету мәдениетіне оң әсерін тигізері сөзсіз.

Бұған дейін де аталмыш заң жобасы бойынша жұмыстың қалай басталғаны және қандай өзекті мәселелер көтерілгені туралы жазылған еді. Жалпы, қабылданғалы отырған заңның жанаңшылығы мен пікір алудың қарамастан, заң жобасын әзірлеу барысында депутаттардың, мемлекеттік органдардың, психологиялық қауымдастықтың және сарапшылардың үйлесімді өзара іс-қимылын атап өткен жөн. Заң қабылданатын уақыт алыс емес. Алайда, бұл мәселе жөнінде мамандар не дейді? Осыған орай Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жалпы және қолданбалы психология кафедрасының меңгерушісі, заң жобасын дайындау жөніндегі жұмыс тобының мүшесі Арман Нұрмаханбетов пен психология бөлімінің алғашқы түлектеріне сауал тастадық.

**Арман НҰРМАХАНБЕТОВ, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жалпы және қолданбалы психология кафедрасының меңгерушісі, психология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор:**

**КӘСІБИ БІЛІКТІ МАМАНДАР ҚАТАРЫ АРТЫП КЕЛЕДІ**  
— Бұл мәселе « А М А Н А Т » партиясы Әйелдер қанаты тарапынан уақытылы көтеріліп отыр. Тиісті заң жобасын әзірлеу бастамасы депутаттарға тиесілі. Осылайша, тақырып жеке мәселе шеңберінен шығып, әлеуметтік саясат деңгейіне көтерілді. Жағдайға Қасым-Жомарт



Тоқаевтың берген бағасы үлкен серпін берді. Ол IV Ұлттық құрылтайда жалған психологтар мен коучтардың кеңінен таралғанын ашық айтып, олардың адамдарға өмір үйретіп, осы арқылы табыс тауып отырғанын атап өтті. Көптеген адам коучтарға сеніп, бармақ тістеп қалып жатыр. Сондықтан бұл мәселе кәсіби пікірталас аясынан шығып, институционалды шешімді талап ететін қоғамдық тәуекел ретінде қарастырылып отыр.

Қазақстанда күн сайын ондаған мың маман білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қызмет және құқық қорғау жүйесінде жұмыс істейді. Бұл — мектептердегі буллингтің алдын алу, дағдарыс жағдайларында психологиялық сүйемелдеу, кадрларды іріктеу мен даярлау, отбасылармен жұмыс, күйзеліс пен психологиялық жаракат жағдайында қолдау көрсету. Жүйенің негізгі элементі — базалық психологиялық білім. Бұл жай ғана формалдық немесе бюрократиялық талап емес, кәсіби қызметтің іргетасы. Оның дұрыс диагностика жүргізу де, этикалық тұрғыдан негізделген араласуды қамтамасыз ету де, өз құзыретінің шекарасын түсіну де мүмкін емес.

Сапа критерийлері нақты айқындалмаған жағдайда, тіпті ең дамыған кәсіби қауымдастықтың өзі жабық мүдделер бірлестігіне айналу қаупіне ұшырайды өрі ол жалған ғылыми немесе эзотерикалық қауымдастықтардан көп айырмашылығы болмай қалуы мүмкін. Өйткені тек атауының өзі мазмұнның сапасына кепілдік бермейді. Нақты жалғыз өлшем — дәлдік. Әлемдік тәжірибеде ол ғылыми зерттеулер, жарияланымдар, қайта өндіріле алатын нәтижелер және тәуелсіз сараптама арқылы айқындалады. Беделді ғылыми журналдар әдіснамалық талаптарға сай келмейтін жұмыстарды қабылдамайды. Бұл — кәсіби білімді имитациядан ажырататын негізгі сүзгі. Айта кететін жайт, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы қабылдаған 2013-2030 жылдарға арналған психикалық денсаулық саласындағы іс-қимылдардың кешенді жоспары алты ортақ қағидат пен тәсілге негізделген. Соның бірі — дәлдік деректерге негізделген тәжірибе. Психикалық денсаулықты қорғау стратегиялары, сондай-ақ емдеу, алдын алу және денсаулықты нығайту шаралары ғылыми деректерге және/немесе мәдени ерекшеліктерді ескере отырып, озық тәжірибеге сүйенуге тиіс.

Бүгінде психологиялық қызмет туралы заңның қажеттілігі бар екені кәсіби қауымдастық тарапынан белсенді түрде қолдау табуда. Алайда қазір қоғамдық кеңістікте жеке тәжірибеммен айналысатын, нарықтық нишаларға бағытталған кейбір тараптар әлеуметтік желілерде психолог болу үшін міндетті түрде бейінді білім қажет емес деген пікірді белсенді түрде алға тартуда. Шынында да, бүгінгі күні нарық әртүрлі деңгейдегі психологқа толы. Оның үстіне, көптеген «инстаграм-психологтар» мен коучтар жоғары оқу орнында негізгі мамандық бойынша білім алмай-ақ, белгілі бір курстардан өткеннен кейін өз тәжірибесін бастаған.

Қоғамдағы психологиялық қызметтерге деген сұраныс жоғары базалық психологиялық білім жоқ кенес берушілер үшін де ашық алаңға айналды. Олардың қатарында НЛБ мамандары, жеке даму коучтары, өмір сапасын жақсарту бойынша сарапшылар, қысқамерзімді курстардан өткен «психотерапевтер», сондай-ақ әлеуметтік желілердегі өз парақшаларымен «психологиялық» кеңестер беріп, түрлі марафонға шақыратын блогерлер мен онлайн-кеңесшілердің үлкен тобы бар. Осындай алуан түрлі психологиялық қызметтер нарығында кәсіби кеңеске мұқтаж адамдардың бәрі бірдей бұл қызметтің сапасын айқындайтын нақты критерийлерге ие емес.

Белгілі неміс психологы Герман Эббингаузын «психологияның өткені ұзақ, бірақ тарихы қысқа» деген сөздерін еске ала оты-

Қазір Қазақстандағы шамамен 50 жоғары оқу орны, яғни елдің барлық жетекші университеттері жыл сайын жоғары білімі бар психологтарды даярлайтын қуантады. Біздің ғылыми психологияда өз дәстүріміз бар; көптеген мемлекеттік органдар психологтар жұмыс істейді және оларсыз ТЖМ-де, ҰҚК-де, медициналық мекемелерде, армияда, мектепте, спортта, еңбек ұжымдарында жұмыс жүргізуді елестете қиын. Өзіне адал, адамдардың бақытты болуына көмектесуді өз миссиясы етіп санайтын психологтардың бірнеше буыны қалыптасты. Елдегі психология ғылымының докторлары мен кандидаттарының, профессорлар мен доценттердің жалпы саны 200-ден асады, олардың ішінде 40-тан аса ғылым докторы бар. Бұл ғылыми-педагогикалық, зерттеушілік және тәжірибелік психолог кадрлардың негізгі өзегін құрайды.

Сапалы психологиялық көмекке деген сұраныс алдағы уақытта да арта береді. Бұл ретте біреулер психологиялық көмекке рухани және физикалық ресурстарын арттыру үшін жүгінеді. Ал өмірінде қиын жағдайға тап болғандар өз ішіне тұйықталмай, психологиялық көмекке жүгінуден ұялмайды. Мен осындай көмекке мұқтаж адамдар тиісті білімді мен жоғары кәсіби даярлығы бар мамандардан көмек ала деген шын ниетім бар.

**Ольга ЗАХАРОВА, әлеуметтік қызметкер (Канада):**  
**БАТЫС ТӘЖІРИБЕСІН КӨШІРУ МІНДЕТ ЕМЕС**

— Мұндай заңның қабылдануын толық қолдаймын. Шынымды айтсам, Қазақстанда оның әлі күнге дейін болмағанына таңғалдым. Алайда мен танысқан заң жобасы қысқа жазылған, ол заң емес, сол заң қандай болуы керек екенінің концепциясына көбірек ұқсайды. Онда орындау тетіктері мен жауапкершілік мәселелері жеткілікті деңгейде нақтыланбаған. Депутаттардың оқылған барысында бұған назар аударғаны жақсы болды. Канадалағы тәжірибеде ақпарат тек ерекше жағдайларда ғана (науқастың өз өміріне немесе айналдырылғанды адамдарға қауіп төнген кезде) ата-аналарға емес, тиісті органдарға беріледі. Егер заң психологтарды жасөспірімдер туралы ата-анасына немесе мектепке міндетті түрде «хабарлауға» міндеттейтін болса, онда ешбір жас көмек сұрап келмейді.

Сондай-ақ жоғары білімсіз жұмыс істеу мүмкіндігі туралы сұрақты мүлде орынсыз деп есептеймін — әрине, базалық білім міндетті. Психологиялық білім — бұл іргетас. Мен дипломсыз жұмыс істеу туралы пікірталастарға қарап, дәрігерлердің психология саласына өтуге талпыныс деп күдіктенем: басқаша айтқанда, бұл дәрігерлердің өз қызмет аясын кеңейтіп, жауапкершілігі төменірек мамандыққа қайта бейімделуі әрекеті. Канадала да, Америкада да бұл мүмкін емес: дәрігер өзін психолог деп атай алмайды, ал психолог тиісті лицензиясыз дәрігер бола алмайды.

Кез келген заң оны орындауды қалағалайтын атқарушы органды ешқандай мағынаға ие емес. Ассоциациялар мәселесіне келсек: егер олар бірнешеу болатын болса, бұл алдын ала «қақтығысқа» әкелуі мүмкін. Канадала бұл жүйе «легализация» ретінде жұмыс істейді: сактандыру компаниясы психолог қызметін төлеуі үшін немесе сізді психолог ретінде жұмысқа қабылдау үшін, міндетті түрде кәсіби ассоциацияға мүше болып, жыл сайын жарна төлейсіз. Бұл — маман мәртебесін қамтамасыз ететін жүйенің міндетті бөлігі. Алайда Қазақстан жағдайында бұл сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыруы мүмкін.

Канадала (Онтарио провинциясында) 20 жыл бойы өмір сүріп, жұмыс істеп келемін. Мұнда лицензиялау жүйесі өте қатан. Әлеуметтік қызметкерлер көп, ал жеке психологтар азырақ, себебі олардың қызметі өте қымбат және көбіне тек аккредитация болған жағдайда ғана мемлекет немесе сактандыру жүйесі арқылы өтеледі. Сонымен бірге Қазақстан батыс тәжірибесін «көзсіз» көшірмеуі керек. Ұлттық-мәдени ерекшеліктерді ескеруі қажет, әсіресе өңірлер мен ауылдарда отбасылық қатынастар мен психологиялық көмек туралы түсінік батыс стандарттарынан айтарлықтай өзгеше.

**Ирина БОМБЕРГЕР, Германиядағы сарапшы және кенес беруші психолог:**

**БАЗАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТТІК БІЛІМ МАНЫЗДЫ**

— Қазақстанда мұндай заңның қабылданғаны дұрыс және қатан заңнамалық реттеуді қүптаймын. Германияда психологтар мен психотерапевтердің қызметі нақты регламентпен бекітілген, бұл тәжірибе үшін өте пайдалы. Бұл маманға оның қандай қызметтерді көрсетуге құқығы



тарда білім беру бағдарламасының аккредитациясы (мысалы, АРА арқылы) ескеріледі, бұл даярлық сапасын қосымша растайды. Жалпы модель үш негізгі элементке негізделген: білім, супервизиядағы практика және білімді тәуелсіз бағалау. Лицензиясыз дербес тәжірибемен айналысу мүмкін емес немесе өте шектеулі.

**Қайрат АЙДАРБЕКОВ, азаматтық авиация академиясының қауымдастырылған профессоры, бизнес-тренер:**

**ШЫНАЙЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ҚҰРАЛ БОЛУҒА ТИІС**

— Ең бастысы — заң формалды құжатқа айнамай, шынайы жұмыс істейтін құрал болуы керек. Біріншіден, ол мамандықтың нақты шекарасын айқындайды: кім тәжірибе жүргізе алады, білім мен жауапкершілікке қандай талаптар қойылады, занбұзушылықтар үшін қандай санкциялар қарастырылады. Екіншіден, бұл псевдомамандардың үлесін азайтып, қоғамның психологиялық көмекке деген сенімін арттырады. Мамандық мәселе — заң халықаралық стандарттарға сүйенуге тиіс және шамадан тыс бюрократиялық құжатқа айналмауы керек.



Психолог әлсіз, осал психикалық күйлермен жұмыс істейді, сондықтан мұндағы қателіктердің салдары өте ауыр болуы мүмкін. Қысқамерзімді курстар дайындықты толықтыра алады, бірақ олар базалық дүниетанымдық ұстанымдарды қалыптастырмайды және психиканы дамыу жүйелі түсінуге қажетті негіз бермейді. Ал бұл — психологиядағы кез келген практикалық бағыттың эмбебап іргетасы. Әрине, университеттен ешкім толыққанды маман болып шықпайды, бірақ сол базалық білім кейінгі кәсіби дамудың қалай жүретінін айқындайды. Уақыт өте келе адам сол кезде берілген іргетастың қаншалықты маңызды екенін тереңірек түсіне бастайды.

Бүгінде тәжірибелік психологтардың кәсіби қауымдастығы біршама бытыранқы өрі алуан түрлі көрінеді. Психотерапияның әртүрлі бағыттарының өкілдері көбіне оқшау әрекет етеді, ал олардың қауымдастықтары сапасы нақты бақыламайтын жабық клубтарға айналу қаупіне ұшырайды. Аккредитация даярлау, супервизия және этика бойынша бірінші стандарттарды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл сонымен қатар мамандардың өздерін де қорғайды: кәсіби «ойын ережелерін» нақтылап, мамандық мәртебесін арттырады. Дамыған елдерде қауымдастықтар (мысалы, American Psychological Association және British Psychological Society) өзін-өзі реттеу функциясын атқарады, бірақ сонымен бірге олар қоғам мен мемлекет алдында да есеп береді.

Психологиялық көмек көрсету саласындағы халықаралық тәжірибе жеткілікті деңгейде жүйеленген: міндетті білім, лицензиялау, тұрақты супервизия және үздіксіз кәсіби даму талап етіледі. Мысалы, АҚШ пен Еуропада маман тек диплом алып қана қоймай, бақылаумен өтетін практиканың белгілі бір сағаттары орындалып, біліктілік емтихандарын тапсыруы керек. Сонымен қатар кәсіби этика мен шағымдарды қарау тетіктері маңызды рөл атқарады. Бұл тәжірибе көрсетіп отырғанды, психологиялық көмектің сапасы тек маманның жеке мотивациясына емес, талаптар мен бақылаудың жүйелілігіне тікелей байланысты.

**P.S.**

**Тәжірибелі мамандар пікірі осыған саяды. Сонымен бірге шетелдік модельдерді тікелей көшіру шешім бола алмайтынын түсіну маңызды. Қазақстанның өзге тең әлеуметтік және мәдени контексті бар. Дегенмен негізгі қағидагер эмбебап болып қала береді. Адамның психологиялық ал-ауқатына тікелей әсер ететін мамандықтың кездейсоқ немесе бейресми ұстанымдарға сүйеніп қалыптастыруға болмайды. Бүгінгі тапқа түптеп келгенде екі түрлі тәсілдің бірін таңдауға саяды. Біріншісі — мамандықты сапалы білім беру жүйесі, ғылыми стандарттар мен кәсіби тұрғыда дәлелденген тәжірибелер негізінде қалыптастыру. Екіншісі — тек өзін-өзі сәйкестендіру немесе белгілі бір қауымдастыққа мүше болу арқылы маман ретінде танылу. Алғашқы бағыт еткенімен, қоғам үшін сенімділік пен тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Ал екінші тәсіл бірінші жүйесіз жүзеге асқанда, «бұл іспен кез келген адам айналыса алады» деген жалған түсінік қалыптастырып, қолжетімділіктің жеңіл иллюзиясын тудырады. Алайда мұндай ұстаным, түптеп келгенде қоғам үшін елеулі қауіптер мен кәсіби жауапсыздыққа алып келуі мүмкін. Сондықтан базалық сапалы психологиялық білім туралы және болашақта кәсіби қауымдастықтарды аккредитациялау мәселесін шектеу ретінде емес, мамандықтың алтын стандарты ретінде қарастыру қажет.**

Айна ХАСАН

26 МАМЫР 2026 | СЕЙСЕНБІ

# БІЛІМ ӘЛЕМІНДЕГІ ҮЛКЕН БЕТБҰРЫС

Қазақстанда жоғары білім беру жүйесін қаржыландырудың жаңа моделін енгізу басталды. Бұл бастама тек қаржыландыру тетігін жаңартумен шектелмейді: университеттердің автономиясын кеңейтіп, ауқымды реформаларға жол ашпақ. ЖОО-лар цифрландыру дәуіріне сай трансформациядан өтіп, білім беру үдерісіне жиі кеңінен енеді. Соның нәтижесінде маман даярлау сапасы жаңа деңгейге көтерілмек. Тағы қандай жаңашылдықтар өмірге жолдама алады? Елдегі жоғары білімнің беталысы қандай? Бұл – ел болашағына тікелей әсер ететін өзекті мәселе.

**А** Айхан ШӘРІП

## КЕМЕЛ УНИВЕРСИТЕТТЕРГЕ КЕҢ ЕРКІНДІК

Президент Қ.Тоқаев шетелдік инвесторлар кеңесінде сөйлеген сөзінде: «Университеттердің өсуі мен тиімділігінің іргелі тетігі – автономия болуға тиіс», – деп атап өтті. Үнемі шенеуніктер жетегінде жүрген жоғары оқу орындары жетіліп, жоғары жетістіктер шыңын бағындыруға ұмтылмайды. Бастысы – жоспарды орындап, мемлекеттік білім тапсырысын толыққанды әрі уақытылы игерсе жеткілікті. Бірақ енді жағдай өзгереді. ЖОО-лардың институционалдық автономиясын кеңейтуге жаңа кадам жасалады. Бұл бастаманы Үкімет құптады.

Жалпы, елімізде университеттерге 2018 жылдан бастап академиялық және басқарушылық дербестік берілді. Сол жылғы шілдеде «Кейбір заңнамалық актілерге жоғары оқу орындарының академиялық және басқару дербестігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» арнайы заң қабылданды. ЖОО-ларға төл білім беру бағдарламаларын өз бетінше әзірлеу, оқу жүктемесінің нормаларын қолайлына айқындау, енбекақы төлеудің нысандары мен мөлшерін қалағанынша белгілеу, қабилдау қаридаларын жеке бекіту сияқты жаңа құзыреттер берілді.

Алайда тәжірибеде оның көбі көзбояушылық болып шыққан. Мысалы, ғылым ордаларынан өзі әзірлеген оқу бағдарламаларына міндетті түрде министрліктің келісімін алу және тиісті реестрге тіркеу талап етіледі. Шенділер олардың екі тізгін, бір шылбырын ұсынып нық ұстайды. Тек бірінші Президенттің атын иеленген жалғыз NU шенеуніктерге бағынбайды. Сондықтан жаңа жағдайда ЖОО-ларды артық нормативтік реттеуді қысқартуды және басқару сапасын арттыруды мақсат тұтатын бұл жұмыс халықаралық сапа стандарттарына сәйкес жоғары білім беру жүйесін дамыту аясында жүргізіле бастады. Ғылым және жоғары білім министрлігі (ҒЖБМ) бұл реформада «Назарбаев университеті» дербес білім беру ұйымының және алдыңғы қатарлы елдер университеттерінің тәжірибесі басшылыққа алынатынына сендірді.

Ұлттық статистика бюросының мәліметіне қарағанда, қазір Қазақстанда отандығы, шетелдігі бар, жалпы саны 116 ЖОО жұмыс істейді. Бұл өте аз, мысалы, ғасыр басында, 2001 жылы республикада 185 университет пен академия болған. Содан бері азайып келеді. Әділін



айту керек, кейінгі екі оқу жылында бұл үрейлі үрдіс тоқтап, жаңа бетбұрыс басталғандай екен: 2020 жылы елде 125 ЖОО болса, 2021 жылы олардың саны – 122, 2022 жылы – 116, 2023 жылы – 112-ге дейін кеміді, 2024 жылы – 113-ке, ал 2025 жылы – 116-қа қайта өсті.

Алайда енді университеттер арасында бәсекелестік күрт күшейеді, кейбіріне тіпті жабылуға тура келуі мүмкін. Есесіне басқасы құрылады, соның ішінде орнын шетелдік ғылым ордасы басуы ықтимал. ҒЖБМ осы мақсатта Қазақстанның халықаралық академиялық ынтымақтастықты дамыту және жетекші шетелдік университеттердің филиалдарын ашу жөніндегі стратегиясын әзірледі. Бұл жұмыс Мемлекет басшысының тапсырмалары аясында жүзеге асырылып, жоғары білім сапасын арттыруға және жаһандық білім беру кеңістігіне ықпалдасуға бағытталған.

## БІЛІМ ТАҒДЫРЫН БӘСЕКЕ ШЕШЕДІ

Сенатқа жолдаған хатында Үкімет басшысы Олжас Бектенов те қазіргі кезде отандық жоғары білім беру жүйесін жаңғыртудың басты тәсілінің бірі – жетекші шетелдік университеттерді тарту және филиалдарын мейлінше көп ашу, олардың озық стандарттары мен тәжірибесін қазақстандық жоғары білім беру жүйесіне ендіру болатынын мәлімдеді. Жатжұрттық бағдарламалармен бірге жастарымызға теріс тәрбие мен жат идеология қоса танылмай ма? Премьер-министр ЖОО-лардағы білім беру бағдарламалары мен оқу процесінің ұлттық мүдделерге сәйкестігін қамтамасыз ету маңызды шартқа айналатынына уәде етті.

– Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, бұл үшін қаржылық орнықтылық пен



**Ұлттық статистика бюросының мәліметіне қарағанда, қазір Қазақстанда отандығы, шетелдігі бар, жалпы саны 116 ЖОО жұмыс істейді. Бұл өте аз, мысалы, ғасыр басында, 2001 жылы республикада 185 университет пен академия болған.**

қызметтің ашықтығы, тиімді корпоративтік басқару, есептілік, сапалы әрі тәуелсіз сыртқы мониторинг қажет. Сонымен қатар қазір қазақстандық ЖОО-лардың мемлекеттік бюджетке тәуелділігі деңгейі әлі де жоғары. Бұл автономия мәселелерін жан-жақты зерделеуді және біртіндеп іске асыруды талап етеді. Тарата айтқанда, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың, Гумилев атындағы ЕҰУ-дың, Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-дың бюджетінің 70%-ын республикалық бюджеттен аударылатын мемлекеттік білім беру тапсырысы құрайды, – деді Олжас Бектенов.

Осыған байланысты Үкімет басшысының түсіндіруінше, ЖОО автономиясын дамыту мәселесін жоғары білім беру жүйесін қаржыландырудың жаңа моделін енгізу шеңберінде іске асыру жоспарланып отыр. Осы мақсатта ҒЖБМ 2026 жылы ЖОО-лардың ұлттық рейтингін енгізу жұмысын бастады. Жаңа рейтинг көрсеткіштері бағалау әдістемесі негізінде елдегі барлық университетті саралауды, жік-жікке бөлуі көздейді.

Бұл ретте беделі, академиялық және ғылыми-зерттеу артықшылықтары, түлектердің мансаптық мүмкіндіктері, интернационалдануы, яғни көбірек шетелдік студенттерінің болуы, басқару тиімділігі және басқа өлшемшарттар қолданылмақ. Сондай-ақ ұлттық рейтинг нәтижелері, халықаралық деңгейдегі позициясы және ұзақмерзімді тиімді басқаруы ескеріледі. Қорытындысында, рейтингте алдыңғы орындарды иеленген ЖОО-лардың академиялық дербестігін кеңейту аясында оларға министрлікке жалтақпай, білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын дербес айқындау, философия докторы (PhD) және бейіні бойынша доктор дәрежелерін өзі беру сияқты бірқатар жаңа өкілеттік ұсынылмақ.

– Жалпы, ҒЖБМ академиялық қауымдастықпен және Парламент депутаттарымен бірлесіп, үздік университеттердің дербестігін одан әрі кеңейту мәселесін қарастырады. Мұнда ЖОО-ның QS WUR, THE сияқты әлемдік рейтингтердегі тұрақты биік орны, жетекші халықаралық агенттіктердің тәуелсіз институционалдық аккредитациясы, қаржылық тұрақтылығы, инвестициялар, ғылымды коммерцияландыру және басқасы маңызды. Қорыта айтқанда, жоғары білім беру сапасын арттыру бағытында ЖОО-лардың академиялық және басқарушылық дербестігін дамыту бойынша озық халықаралық тәжірибені қолдану арқылы жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр. Жұмыс жалғасады және тікелей Үкіметтің бақылауында, – деді О.Бектенов.

## БЮРОКРАТИЯ БАСТАМАЛАРДЫ ТЕЖЕЙДІ

Сенат депутаты Ғалиасқар Сарыбаевтың пайымдауынша, жаһандық білім беру кеңістігінің трансформациясы жағдайында бүгінде университеттер тек білім беру ұйымы болудан қалып, білім генерациясының, инновациялар мен экономикалық өсудің орталықтарына айнала бастады. Қазақстан бұл үрдістен қалып қоя алмайды. Алайда ұлы көшке ілесу шынайы әрі кеңейтілген институционалдық автономияға – академиялық, қаржылық-экономикалық, кадрлық және ұйымдастырушылық дербестікке негізделген басқарудың икемді, өзін-өзі реттейтін модельдеріне көшуді талап етеді. Осы модельде жұмыс істейтін әлемдегі озық университеттер халықаралық рейтингте TOP-200 тобына кіреді.

Сенатор бұл істе Қазақстанның дамыған елдер түгілі, көршілерден артта қалғанына назар аудартады. Мысалы, РФ-та 50-ден астам жетекші ЖОО «автономды мекеме» мәртебесіне ие, бірақ бұл, бұл басқарушылық еркіндіктің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді. Өзбекстанда біздегі Назарбаев университеті сияқты 35-тен астам мемлекеттік университетке толықтай қаржылық және академиялық автономия, Қырғыз Республикасында 9 жетекші университетке ресурстарды басқаруда кеңейтілген дербестікті көздейтін «ерекше мәртебе» берілген.

– Әлемде 200-ге жуық жаңа мамандық пайда болғанына қарамастан оқу орындарында қажетсіз мамандар дайындау үрдісі жалғасты. Ғылым мен өндірістің өзара алшақтығы экономикаға кері әсерін тигізіп келеді. Сондай-ақ институционалдық

кедергілер мен тиімді басқарудың төмендігі кесірінен халықаралық ғылыми жарияланымдар мен зерттеу жобаларында университеттеріміздің үлесі шектеулі. Қолданыстағы модель басқару, инвестиция тарту, халықаралық ынтымақтастықты дамыту, ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру мүмкіндіктерін тежейді. Оқу орындары үшін қолданыстағы модельді сақтау болашақта нақты қауіп өкеледі, – деді сенатор.

Ол қандай қауіп? Біріншіден, әлемдік рейтингтердің топ-200 қатарына кіретін Қазақстан университеттері санаулы. Бұл жаһандық білім беру жүйесіндегі мемлекетіміздің бәсекелі тұғырын төмендетеді. Екіншіден, Ғалиасқар Сарыбаевтың түсіндіруінше, қазір түрлі бағалау бойынша 150 мыңнан аса қазақ жасы шетелде, негізінен, Ресейде оқып жатыр. Дарынды жастарымыз негізінен, диплом-сертификатын жаһан мойындайтын алыс шетелдің ЖОО-ларын таңдайды. Оқуын бітірген соң көп бөлігі сонда қалып қояды. Жыл сайын студенттер мен жас ғалымдардың жат жұртқа кетуі отандық ғылым мен экономикада ұзақмерзімді кадрлық теңгерімсіздікке әкеп соқтырады.

Үшіншіден, дамыған және озық дамушы елдермен салыстырғанда қазақстандық ғылыми-зерттеулерге тартылатын жеке инвестициялар мен гранттардың деңгейі көп төмен. Жаңа реформа жасамай, оның артуы да неғайбыл. Төртіншіден, университеттерде студенттер мен оқытушылардың ғылыми жамалықтарын, өнертабыс-жобаларын коммерцияландыру үлесінің төмен болуы инновациялы экономиканың қалыптасуын бауалатады. Бесіншіден, қазіргі әкімшілік басқару жүйесі шешім қабылдауды тым ұзаққа созады. ЖОО-ларға жылдам, әбжіл қимылдауға мүмкіндік бермейді.

Маскарасы сол, министрлікті көп мазаалаудан және қалып бюрократиядан қаймығып, университеттер жаңа идеяларын енгізуден бас тартуға мәжбүр екен. Бұл олардың жаңа технологиялық өзгерістерге жедел бейімделуін шектейді. Тағы бір мәселе – Президенттің өзі атап өткендей, жекелеген шетелдік филиалдар үшін бөлінетін гранттардың құны ұлттық университеттерді қаржыландыру көлемінен бірнеше есе жоғары екен. Бұл тең есе бәсекелестік жағдай қалыптастырды және оларды өзгенің ЖОО-сына жығып береді.

Депутаттардың пікірінше, жоғары білімдегі реформа тек тапшылықты зор бюджетке түсер салмақты азайту үшін оқу орындарын «қаржылық дербестікке» көшірумен тыйымдағаны жөн. Жаңғыру аясында осы айтылған және отыз екі тістің арасынан шыға бермейтін жасырулы жөнсіздіктер мен оққылықтар түзетіледі, құба-құп.

Қазақстанның жоғары білім жүйесінің енді ескі суррулемен салып ұрып жүре бермей, жасанды интеллект пен жаһандық бәсекені даңғыл жолымен алға кадам басқаны маңызды. Университеттердің шынайы автономиясы мен ғылымға негізделген жаңа модель елді білім экономикасының қуатты орталығына айналдыруға тиіс. Бұл реформалар батыл әрі табандылықпен жүзеге асса, ертенгі Қазақстан тек білім тұтынушы мемлекет емес, әлемге жаңа технология мен жаңашыл ой экспорттайтын интеллектуалды державаға айналады.

Баланың санасына білім нәрін құятын білім ордаларының бүгінгі кескін-келбеті жыл сайын жаңарып келе жатқаны шындық. Ине-жіптен жаңа шыққандай кейінгі үлгіде әрленген жайлы мектептер зәулім сарайдай болып қозықөш жерден-ақ көз тартады. Заманауи талаптарға сай технологиялармен жабдықталған білім ошақтарын салудан елорданың іргесіндегі Ақмола өңірі көш бастағаны жиі айтылады. Өңірде үш ауысымды оқытудың түбегейлі шешілгені айтылып жатады. Бір қарағанда бәрі керемет секілді, алайда түйткілдер әлі де барын жасырмау қажет.

**А** Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,  
Ақмола облысы

Ақмолада бірнеше мектептің құрылысы мен күрделі жөндеуіне қатысты дау тұтас қоғамды алаңдатып отыр. Уақытында аяқталмаған жұмыстар, сапасыз құрылыстар мен күмәнді жобалық шешімдерден көз сүрінеді. Құжатсыз талан-таражға түскен жүздеген миллион тенге қулығына құрық бойламайтындардың аранына кете барғанын да бағамдауға болар. Кезекті оқу жылы мәресіне жеткенімен, мәселе өңірдің қоғамдық кеңесінің соңғы отырысында тағы бір мәрте көтерілді.

Аймақта «сақалды» құрылыстар мен сиырқұйымшақтанған жөндеу жұмыстарының классикалық үлгісі, яғни қаржының жетіспеуінен құрылыс жұмыстарын уақытша тоқтатып, келер жылы түзету енгізіп, бюджеттің бүйірінен қоматқы қаржыны қамтып қалу әдетке айналған. Мәселен, Көкшетаудағы №14 мектептің күрделі жөндеуі осы мәселелердің ең айқын мысалы болды. Қүрделі жөндеу жұмыстарына бөлінген 783 миллион тенгеге бағаланған жоба сонау 2023 жылдан бері аяқталмай келеді.

# «ЖАЙЛЫ МЕКТЕПТІ» ЖАЙСЫЗ ЕТКЕНДЕР БАР



Ақмола облыстық Білім басқармасы басшысының орынбасары Валерий Гамазовтың айтуынша, жөндеу жұмыстары басталған сәттен-ақ мердігер тарапынан мерзім бұзу мен сапаға қатысты кемшіліктер анықталған. Авторлық және техникалық қадағалау бірнеше мәрте ескерту жасаған.

Мектеп әкімшілігі тіпті мердігермен келісімді бұзу үшін сотқа да жүгінді. Бірақ сот «мерзім әлі аяқталмаған» деген уәжен талапты қанағаттандырмаған көрінеді. Осылайша, уақыт ұтқан компания жұмысты әрі қарай жалғастыра берген. Білім ошағы толық аяқталмай жатып оқу жылын бастауға мәжбүр болған. Мердігердің жауапсыз тірлігінің салдарынан қоматқы қаражат жұмсалғанымен, іс жүзінде мектептің ауласы абаттандырылмаған, спорт алаңы бітпей, автоматты орт дабылы орнатылмаған күйі қалған. Ең сорақысы – жүздеген миллион тенгенің жұмысы тех-

никалық құжаттармен расталмаған болып шықты.

Құрылыс саласының ардагері, тәуелсіз сарапшы Серік Қасымовтың пікірінше, бүгінгі бәсеке – мердігер тандаудағы жүйенің әлсіздігі.

– Қазір тендерді көбіне ең арзан баға ұсынған компания ұтып алады. Бұл мемлекетті сатып алуы жүйесіндегі жазылмаған қағидаға айналып кеткен. Алайда олардың бұл саладағы тәжірибесі, техникалық мүмкіндігі, кадрлық әлеуеті екінші орынға ысырылып қалады. Соның кесірінен әлеуметтік нысандарды жауапкершіліктен жұрдай компаниялар алып жатыр. Қоматқы қаржыны қалтасына басқанымен, құрылыстың артын сиырқұйымшақтап, оның арты үлкен дау-дамай туғызатын жайлар жетіп артылады, – дейді Серік Қасымов.

Көкшетаудағы Сарыарқа ықшамауданында салынған №20 «Жайлы мектеп» те

қоғам назарынан тыс қалмады. Алыстан мен мұндай көрінетін 1 500 орындық заманауи білім ордасында 45 түрлі сәйкессіздік анықталған болып шықты. Қоғам белсенділері әсіресе дабыл қондырғысы, бейнебақылау, желдету жүйесі, шатыр сапасы бойынша көптеген ескерту болғаны айтады. Кейін шенеуніктер кемшіліктер жойылды деп мәлімдегенімен, жұртшылықтың көкейіндегі күмән сейілер емес.

Қоғамда кейінгі уақытта көп айтылып, ашы резонанс тудырған ең даулы мәселелердің бірі – «Білім-Инновация» интерна-тының құрылысы. Бастапқыда жоба-жоспарға сәйкес, 1 200 орындық мектеп болған. Кейін жоба өзгеріп, 588 орындық мектеп-интернатқа айналған. Соған сәйкес, құны да бір-ақ сәтте қымбаттап шыға келеді. Қоғам белсендісі Игорь Плюсиннің айтуына қарағанда, бірінші қабатты толық бітпеген ғимаратқа құжат бойынша шатыр, желдету жүйесі, жасанды шөп, едендер мен төбелер әлдеқашан «орнатылып қойған».

Жүргізілген мемлекеттік аудит қорытындысы да 652 миллион тенгеге қатысты сәйкессіздік анықтап берді. Басқарма өкілдері мұны «Құжат уақытында тапсырылмаған» деп түсіндіруге тырысқанымен, қоғам үшін мұндай өзгенімді естілмейтіні анық.

Қоғамдық кеңесте ең алаңдатқан жайттардың бірі – құрылыс материалдарының іс жүзінде ауыстырылуы. Мәселен, тұтас кірпіштің орнына ортасы қуыс кірпіш қолданылғаны айтылды. Қоғам белсенділері мұндай шешімнің қауіпсіздігіне күмән келтірді. Құрылыс инженері Нұрлан Жүнісов мұндай өзгерістер міндетті түрде

қайта сараптамадан өтуі тиіс екенін алға тартты.

– Егер жоба бойынша бір материал екіншісімен ауыстырылса, міндетті түрде қайта есеп жүргізілуі керек. Әсіресе, мектеп секілді әлеуметтік нысандарда бұл өте маңызды. Себебі жүктеме, температуралық төзімділік, өрт қауіпсіздігі сияқты аса келелі мәселелердің бәрі соған байланысты, – дейді Нұрлан Жүнісов.

Аймақ халқын толғандырған тағы бір аса өткір мәселе – облыс орталығында бала санының көптігінен білім ошақтары белгіленген межесінен бірнеше есе артық баланы оқытуға мәжбүр. Мәселен, қаланың қас ортасындағы №1, №2, №8 мектепте орын жетіспейді.

Ал жаңа мектептер көбіне қаланың шеткі жағындағы жаңа ықшамаудандарына салынып жатыр. Бұл түйткілге қатысты жергілікті шенеуніктер орталықта бос жер жоқ екенін алға тартты. Егер мектеп салынса, жер телімдерін сатып алу керек, бұл жобаны қымбаттатады дейді. Бірақ сарапшылар мәселенің түп-төркіні дұрыс жоспарлауда екенін айтып отыр.

Урбанистика маманы Әлібек Төлеуовтің пікірінше, әлеуметтік инфрақұрылым тұрғын үй құрылысынан кейін емес, сонымен қатар жүруі тиіс.

– Бізде мүлде ақылға сыймайтын бір парадокстық жағдай жиі көрініс табады. Алдымен тұрғын үй кешендері салынады, кейін ғана сол аймақта мектеп пен балабақша мәселесі көтеріледі. Соның салдарынан бүгін бір аудан шамадан тыс тығыздалып кетеді, – дейді Әлібек Төлеуов.

## P.S.....

**Бүгінде өңірде көтерілген сұрақтардың нақты жауабы әлі жоқ. Түйткілді түйін жауапкершіліктің болмауы мен жүйенің жөнсіздігіне болса керек. Ал оны қалпына келтіру тұтас қоғамның қырағылығын қажет етеді.**



## 6 МЫҢНАН АСТАМ ОҚУШЫ МЕКТЕП БІТІРДІ

Абай облысының мектептерінде 100 мыңнан астам оқушы оқу жылын аяқтады, оның ішінде 6065 түлек ПІ-сыныпты тәмамдап отыр. 438 оқушы «Алтын белгіге» үміткер. Облыс әкімі Берік Уәли Семей қаласындағы №50 IT мектеп-лицейінде өткен салтанатты шараға қатысып, өңірдегі мектеп бітіруші түлектерді, ұстаздар мен ата-аналарды мерейлі мезетпен құттықтады.

«Облысымызда ашылған IT мектеп-лицейіне ерекше жауапкершілік жүктеледі. Себебі бұл білім ордасы – цифрлық технологиялар мен инновациялық ойлаудың орталығы, болашақ инженерлер мен білікті IT мамандарын тәрбиелейтін маньды алаң.

Бүгінгі жас түлек – ертеңгі елдің интеллектуалды капиталы. Сондықтан заман талабына сай білім алып, жаңа технологияларды игерген ұрпақ қана өділетті Қазақстанның жарқын болашағын қалыптастырады. Сіздерге үлкен өмір жолында батыл қадам, биік мақсат, сарқылмас жігер тілеймін. Әрқайсыңыздың туған елдің дамуына үлес қосатын білімді де білікті, отаншыл азамат болып қалыптасуларыңызға тілектеспін!» – деді Берік Уәли.

Аймақ басшысы соңғы қонырау шарасынан кейін мектеп оқушыларының шығармашылық жетістіктері қойылған көрмені

тамашалап, әртүрлі үйірмелердің жұмысымен танысты.

Биыл аталған білім ордасын 60 түлек аяқтап отыр. Олардың қатарында 3 «Алтын белгіге» және 5 үздік аттестатқа үміткер бар. №50 IT мектеп-лицейі оқу жылы жоғары нәтижемен қорытындылады. Білім ордасының 332 оқушысы халықаралық, республикалық, облыстық олимпиада, жарыс және сайыстардың жеңімпазы атанды.

Облыста білім саласының инфрақұрылымын дамыту бағытында жүйелі жұмыс жүргізілуде. Өңірде Президент тапсырмасына сәйкес, 5 «Келешек мектебі» мен Оқушылар сарайы пайдалануға берілді. Семей қаласындағы екі мектепке қосымша ғимараттар салынууда. «Абайға құрмет» акциясы аясында Астана қаласы «Келешек мектебін» салуды жоспарлап отыр.

## ЖАСӨСПІРІМ ҚАУІПСІЗДІГІ ҚАДАҒАЛАНАДЫ

Цифрлық дәуірде балалар мен жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету – қоғам алдындағы маңызды міндеттердің біріне айналды. Интернет алақтық, кибербуллинг, әлеуметтік желідегі қауіптер мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтардың алдын алу бағытындағы профилактикалық жұмыстар бүгінде ерекше маңызға ие. Осыған байланысты Алматы облысында оқушылардың киберсауаттылығын арттыруға, құқықбұзушылықтардың алдын алуға бағытталған брифингтер ұйымдастырылды.



### А Сымбат БЕГІМБАЙ

Киберқылмыстың алдын алу және интернет кеңістігіндегі қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру мақсатында Талғар ауданының Белбұлақ ауылы мен Алатау қаласындағы орта мектептерде оқушылардың ата-аналары және педагогикалық ұжым өкілдерімен түсіндіру кездесулері өтті. Іс-шара барысында полиция қызметкерлері интернет алақтықтың кен таралған түрлері, жеке мәліметтерді қорғау, күмәнді сілтемелер мен жалған хабарламалардың қауіптілігі туралы жан-жақты ақпарат берді. Сондай-ақ әлеуметтік желілер мен мессенджерлерді қауіпсіз

пайдалану, балалардың цифрлық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және кибербуллингтің алдын алу мәселелері талқыланды.

Кездесу қатысушыларына алаяқтардың жиі қолданатын тәсілдері түсіндіріліп, күмәнді қоныраулар мен интернет арқылы жасалатын қаржылық операцияларға сақтықпен қарау қажеттігі ескертілді. Мұндай профилактикалық шаралардың негізгі мақсаты – тұрғындардың киберсауаттылығын арттыру, балаларды интернеттегі қауіп-қатерден қорғау және қоғамда цифрлық қауіпсіздік мәдениетін нығайту.

Одан бөлек, облыста көмелетке толмағандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жасөспірімдер

арасындағы құқықбұзушылықтардың алдын алу, сондай-ақ жазғы демалыс кезеңі мен оқу жылының аяқталуы кезінде балалардың қауіпсіз жүріс-тұрысын ұйымдастыру мәселелері қаралуда. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде Полиция департаментінің Әкімшілік полиция басқармасы басшылығы мен білім беру ұйымдарының өкілдерінің қатысуымен брифинг өтті.

Полиция өкілдері көмелетке толмағандардың құқықтық мәдениетін арттыруға бағытталған жүйелі профилактикалық жұмыстың маңыздылығын атап өтті. Сондай-ақ олардың түнгі уақытта заңды өкілдерінің қорғамды орындарда болуын болдырмау және көмелетке толмағандарға алкоголь мен темекі өнімдерін сатуға жол бермеу қажеттілігіне назар аударылды.

Түлектердің қауіпсіздігі мәселесіне ерекше көңіл бөлініп, оқу жылының аяқталуына байланысты өткізілетін мерекелік іс-шаралар кезеңінде мемлекеттік органдар, білім беру ұйымдары және ата-аналар қауымдастығы арасындағы өзара іс-қимылды күшейту қажеттігі айтылды. Сонымен қатар жазғы кезеңде құқықбұзушылықтардың алдын алу мақсатында профилактикалық жұмыстар күшейтілген режимде жалғасын табатынын түсіндірілді. Брифинг қорытындысында құқық қорғау органдарының өкілдері журналистердің сұрақтарына жауап беріп, көмелетке толмағандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – мемлекет пен қоғамның ортақ міндеті екенін атап өтті.

Сыр өңірінде көктемгі дала жұмыстары жоғары екілікте жүргізіліп жатыр. Биылғы науқанның басты ерекшелігі – дала қосының дүбірі жаңа бағытта қарқын алды. Яғни диқан қауымы бұрынғыдай тек мол өнім алуды мақсат етіп қана қоймай, су ресурстарын тиімді пайдалану мен ауыл шаруашылығын әртарапандыруға басымдық беріп отыр.

## СЫР ДИҚАНДАРЫНЫҢ ДҮБІРІ

### А Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ, Қызылорда облысы

Қызылорда облыстық Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының дерегіне, биыл өңірде 185 800 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілмек. Бұл бірінші кезекте Мемлекет басшысының су үнемдеу саясатына орай жүзеге асырылып отырған баянды бастама саналады. Соның негізінде биылғы жеке бойынша күріш көлемі өткен жылмен салыстырғанда 10 900 гектарға азайтылып, 70 мың гектар деңгейінде бекітілген.

Жуырда өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы басшысының орынбасары Даулетбек Абдирасулов та биылғы тың бастама төңірегінде жан-жақты түсіндіріп берді. Оның айтуынша, бұл науқанда қысқартылған күріш алқаптарының орнына жүгері, майлы дақылдар мен малазықтық өнімдердің көлемі арттыруға баса мән берілген.

«Қазір ерте егілетін дақылдарды ету жұмыстары толық аяқталды. Оның ішінде картоп 230 гектарға, көкөніс 3,8 мың гектарға және бақша өнімдері 4,9 мың гектарға егілді. Ал нақты уақытта негізгі дақыл саналатын күріштің 49 502 гектары себіліп, оның 41 360 гектары суға бастырылды. Биылғы кезеңге жоспарланған барлық егіс жұмыстары 1 маусымға дейін толық аяқталады», – дейді басқарма басшысының орынбасары.

Қазір дала еңбеккерлері өңірде науқанға қажетті тұқым қоры мен техникаға қатысты мәселе жоқ екенін алға тартады. Нақты айтқанда, 2026 жылға қажетті тынайтықштардың 97,6 пайызы сатып алынса, гербицидтердің 64,1 пайызы жеткізілген.

Биылғы маусымның басты ерекшелігінің бірі су үнемдеу технологияларының кеңінен енгізілуі болып саналады. Бұл тұрғыда биыл облыста күріш алқаптарын лазерлік тегістеу көлемі 65 мың гектарға жеткізілуі жоспарланған. Негізінен, нақты уақытта өңірде су үнемдеу технологияларын пайдалану көлемі өткен жылмен салыстырғанда екі есеге артып, 16 700 гектарға жеткен. Бұл бүгінде жоспарланған жұмыстың 82,2 пайызы орындалғанын көрсетсе керек. Бұған қоса, шаруаларды қолдау бағытындағы «Кең дала-2» бағдарламасы арқылы 59 шаруашылыққа 8,8 млрд теңге көлемінде жеңілдетілген несиелер берілген.

«Қазір Шардара мен Көксаурайдан төменгі ағысқа секундына 550 текше метр су жіберілуде. Қызылорда облысына Көктөбе су бекеті арқылы секундына 538 текше метр су келіп жатыр. Мамандар су шаруашылығы жағдайын тұрақты бақылауда ұстап отыр. Сонымен қатар Арал теңізіне секундына 48 текше метр су барып жатыр. Жыл басынан бері теңізге 780 миллион текше метр су жеткен», – дейді «Арал-Сырдария» бассейндік инспекциясының басшысы Зейнулла Қазтоғанов.

Жалпы, суды аз қажет ететін дақылдарға көшу, заманауи технология енгізу және су ресурстарын тиімді пайдалану тәсілдері алдағы жылдардың да басты бағытына айналады деп жоспарланған.



## ҚАМЫСТАН ТӨНЕР ҚАУІП КӨБЕЙДІ

Атырауда өрт қаупі күшейді. Мамандар осы бастан-ақ дала өрті қарашаға дейін жалғасатынын айтып отыр. Жыл сайын қайталанатын қамыс өрті өңірге айтарлықтай салмақ түсіруде.



### А Баян ЖАНУЗАҚОВА, Атырау облысы

Ресми мәлімет бойынша, биылғы өрт қаупінің кезеңі 26 наурыздан басталған. Содан бері резерват күшейтілген режимге көшіп, алдын алу шараларын жүргізуде. Алайда мамандар мен қоғам белсенділері мәселенің түпкі себебі жүйелі түрде шешілмей отырғанына наразы.

«Ақжайық» резерватының күзет инженері Гүлмаржан Бейімбетованың айтуынша, өрттің алдын алу мақсатында биыл 24 шақырым жаңа минералдандырылған жолақ салынып, 131 шақырым қорғаныс жолағы жыртылған. Ғылыми зерттеулер негізінде 16,31 гектар аумақта қамыс шабу және тазалау жұмыстары жүргізілген. Сонымен қатар ауылдық округ тұрғындарымен кездесулер өтіп, ескерту тақталары жанартылған. «Қазір резерват аумағында тәулік бойы патрульдік бақылау ұйымдастырылып отыр. Үш бекетте кезекшілік қойылып, дрон арқылы әуеден бақылау жүргізілуде. Техника жеткілікті. Қазір арнайы техника, мотопомпа, трактор, КамАЗ, Трекол және сулы-батпақты жерлерге арналған екі арнайы көлік дайын тұр. Тағы екі техника сатып алынбақ. Бұдан бөлек, өртті ерте анықтауға арналған үш бақылау мұнарасы орнатылған. Әр мұнара 15-20 шақырым радиустағы түтінді анықтай алады. Түтін байқалған жағдайда резерв басшылығы, Төтенше жағдайлар департаменті мен инспекция қызметкерлері бірден іске кіріседі», – дейді ол.

Соған қарамастан, кейінгі жылдары қамыс өртінің көлемі азаймай отыр. Мәжіліс

депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Әділ Жұбановтың айтуынша, 2023-2025 жылдары резерват аумағында ұзақтығы 35 күнге дейін созылған барлығы 18 ірі өрт тіркелген. Депутат бұл жағдайды тек табиғи факторлармен байланыстыруға болмайтынын ашық айтты.

«Бұл тек табиғи апат емес, жүйесіз басқарудың салдары. Материалдық-техникалық база әлсіз, бақылау жеткіліксіз», – деді депутат Үкімет басшысына жолдаған сауалында.

Әділ Жұбановтың мәліметінше, 2023-2027 жылдары резерваттың материалдық-техникалық базасын қалыптастыруға 1 миллиард теңге қарастырылған. Бұдан бөлек, табиғатты қорғау мекемелеріне техника мен бақылау жүйелерін сатып алуға 55,1 миллиард теңге бөлінген. Бірақ депутаттың пікірінше, бөлінген қаржы нақты нәтиже бермеген.

Сын тек Парламенттен ғана емес, қоғам тарапынан да айтылып отыр. Себебі көктем мен жаз мезгілінде Атырау қаласын қою түтін басып, тұрғындар бірнеше апта бойы қолайсыз жағдайда өмір сүруге мәжбүр болады. Экологтар қамыс өрті тек ауа сапасына әсер етіп қоймай, адамдардың саулығына, сирек кездесетін құстар мен жануарлардың мекен ету ортасына қауіп төндіретінін айтады.

Лаура Маликова – созылмалы демікпеге шалдыққан қала тұрғыны. «Шыны керек, мен тек қыс мезгілінде ғана емін-еркін жүре аламын. Жылдың басқа мезгілдерінде мен үшін өз қаламда өмір сүру қиындайды. Күн жылынысымен басталатын қамыс өрті күз аяқталғанша жалғасады. Қамыс

өртінің бір күнде өшпейтіні белгілі. Өрине өрт сөндіретін жігіттердің еңбегін жоққа шығарғым келмейді. Бірақ билік өртті өшірмеу ғана шектелмей, оны болдырмаудың жолдарын қолға алса екен», – дейді ол. Үнемі дәрінін күшімен жүретін Лаура өрт кезінде дем ала алмай, тұншығатынын жеткізді.

Атырау облысы денсаулық сақтау басқармасының мәліметіне қарағанда, Атырауда бронхиалды демікпеге шалдыққан тұрғындар саны көбейген. 2024 жылы 447 адам есепке алынса, 2025 жылы аталған сыратқа шалдыққан 630 адам анықталған. Сондықтан қамыс өртінің тұрғындар саулығына зиянының қаншалықты зор екенін осы сандарға қарап та бағамдауға болады.

Қамысты қолға асыру мәселесі Атырауда бірнеше жылдан бері көтеріліп келеді. Алайда бұл мәселенің талқыдағы тақырып деңгейінен аса алмай келе жатқаны өкінішті. Атырау облысының әкімі Серік Шәпкенов өңірде қамыс қоры жеткілікті екенін және инвесторларға қолдау көрсетуге дайын екенін мәлімдеді. Оның айтуынша, осыдан біраз бұрын Қытайдан келген инвесторлар қамыстан қағаз өндіретін зауыт салуға қызығушылық танытқан. Алайда жоба көп мөлшерде су мен энергия ресурсын қажет еткендіктен, тоқтап қалған.

Ал бұл уақытта Атырау жастары мәселені технология арқылы шешуге талпынып жатыр. Атыраудағы техникалық бағытта білім беретін JасUp орталығында оқушылар Нұр-дәулет Нұрмұхан мен Парасат Сакишев қамыс өрті ерте анықтайтын робот-дрон жобасын жасап шығарды. Құрылғы инфра-қызыл камера арқылы өрт белгілерін анықтап, ақпаратты жедел қызметтерге жібереді.

Жобаның техникалық бөліміне жауапты Парасат Сакишевтің айтуынша, дрон толықтай қолдан құрастырылған. «Бұл – он лоймдық дрон. Яғни қатты жел сияқты қолайсыз ауа райында да тұрақты ұша алады. Қазір біз оның мүмкіндіктерін әлі де жетілдіріп жатырмыз», – дейді жас өнертапқыш.

JасUp жобасының менеджері Асқар Алданның айтуынша, жоба авторлары дронды бір жылдан астам уақыт бойы дамытып келеді. Алдағы уақытта Төтенше жағдайлар департаменті және жергілікті әкімдікпен бірлесіп жұмыс істеуді жоспарлап отыр екен.

Жас өнертапқыштардың бастамасы қоғамда үміт тудырғанымен, мамандар мәселені тек дронмен немесе уақытша шаралармен шешу мүмкін емес екенін айтады. Өрттің алдын алу үшін кешенді экологиялық саясат, нақты бақылау, тұрақты қаржыландыру және жауапты мекемелер арасындағы үйлесімді жұмыс қажет.

## АЙНА

26 МАМЫР 2026 | СЕЙСЕНБІ



# ӘСКЕРИ МУЗЕЙ – ОТАНШЫЛДЫҚТЫҢ ЖАРШЫСЫ

Бүгінде елімізде 286 музей жұмыс істейді, онда шамамен 4,5 миллионнан аса жәдігер сақтаулы. Олардың қатарында 5 республикалық музей, 12 музей-қорық, 15 өңірлік тарихи-өлкетану, 71 мемориалдық және 16 көркемөнер музейімен қатар түрлі қалалық, аудандық, ауылдық музей де бар. Жақында бұл тізім тағы бір мәдени орталықпен толықты. Ақмола облысының Родина ауылында әскери бағыттағы жаңа музей ашылды. Бір ерекшелігі, музейдің ашық аспан астындағы павильонында Екінші дүниежүзілік соғыста қолданылған ауыр әскери техника түрлері бар.

## Айсұлу СЪЕЗХАН

Әскери-тарихи музей Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Ұлттық әскери-патриоттық орталығының филиалы ретінде ашылған. Негізгі музей Астана қаласында 2015 жылы жұмысын бастады, одан кейін Алматыда музейдің екінші филиалы келушілерге есігін ашты. Енді, міне, Родинадағы музей небәрі 1,5 жыл ішінде жасакталып, халық игілігіне беріліп отыр. Астанадағы Әскери-тарихи музейінің басшысы Дәулет Төлеутайұлының сөзінше, жаңа музейдің құрылуына ауыл тұрғындарының еңбегі мол сіңіпті.

— Музей ашу үшін ауылдағы «Родина» агрофирмасы мен тұрғындарының қолдауымен жұмыс тобы құрылған болатын. Басты күш — солардың еңбегі. Родина ауылы өткен ғасырдың 30-жылдары 31-нүкте деп пайда болған. Сол кезде елді мекенге саяси қуғын-сүргінге ұшыраған Ресей, Украина, Беларусь, Кавказ жерінен түрлі ұлт өкілі күштеп әкелінді. Бүгінде сол халықтың ұрпағы ауылда қалып, еліміздің гүлденуіне үлес қосып жатыр. Сол әулеттердің музейге өткізген жәдігерлері ерекше құнды, — дейді Д.Төлеутайұлы.

Қазір музейде тұрақты, қосалқы жәдігерлер мен көшірмелерді қосқанда мыңға тарта бағалы

экспонат сақтаулы. Олардың әрқайсының да мән-маңызы мен өзіндік орны бар. Музейге кірген бетте Родинаның ауыл шаруашылығы саласында алдыңғы қатарда екенін түсіне қоясын. Ауылдың негізгі бренді — өндірілген дәнді-дақылдар мен сүт өнімдері. Осы детальдарға дейін халық назарына ұсынылған. Болашақта да музей ауыл тұрғындарының бұйымдарымен толығып, байи түседі.

Жалпы, Ұлттық әскери-патриоттық орталығының құрамындағы үш музейде 100-ге жуық әскери техника бар. Жаңа музейді ұйымдастыру кезінде ауылға 16 әскери техника жеткізіліпті. Мұның қатарында Екінші дүниежүзілік соғыстан



бастап қазірге дейін қолданыста бар әскери ұшақтар кіреді.

— Музей аулысындағы ашық аспан астындағы әскери техника павильонында Т-34 танкісі тұр. Қазір еліміз бойынша бұл танк өте санаулы. Соның бірін Родина ауылына қойдық. Т-34 танкісін жеңіс танкісі деп атайды. Музейде тұрған ауыр әскери техниканың тағы бір ерекшелігі — өндірістік нұсқасы емес, соғыста шынайы қолданылып, әртүрлі жөндеуден өткені. Техника зерттеушілер мұны байқай алады, көзге бірден түседі, — дейді музей басшысы.

Музей кешенінде өткен ғасырдың сұрапыл кезеңін айғақтайтын, 1939-1944 жылдары шыға-

рылған бронды техника, артиллериялық жүйелер, ұшақ үлгілері, атыс қарулары және әскери тұрмысқа қатысты заттар да жинақталды. Сонымен қатар Ақмола өңірінде дүниеге келген батырлардың да экспозициясы бар. Мысалы, тұңғыш Қорғаныс министрі Сағадат Нұрмағамбетов, Талғат Бигельдинов, Рақымжан Қошқарбаевтың да жеке заттарын көре аласыз.

Бүгінде елдегі музейлер мәдени бағытпен қатар ағартушылық-ғылыми салада да ауқымды жоба іске асырып жатыр. Мәселен, Астанадағы Әскери-тарихи музейінің ғылыми-зерттеу бөлімінің қызметкерлері Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі елден шыққан дивизия және бригадалардың ұрыстық жолдарын карта жүзінде дайындап шыққан. Бұл карталар — әскери жүйеге қызығатын және осы саланы зерттеп жүрген жандарға айтарлықтай құнды материал. Осы сызбалардың көшірмесі Родина ауылындағы музейде ғана сақтаулы екен.



**Жалпы, Ұлттық әскери-патриоттық орталығының құрамындағы үш музейде 100-ге жуық әскери техника бар. Жаңа музейді ұйымдастыру кезінде ауылға 16 әскери техника жеткізіліпті. Мұның қатарында Екінші дүниежүзілік соғыстан бастап қазірге дейін қолданыста бар әскери ұшақтар кіреді.**

Музейдегі тағы бір ерекше деталь — қабырғада қаз-қатар ілінген 24 ту. Оның 23-і елімізде құрылған әскери құрылымдардың туының көшірмесі. Тулардың қатарында Жеңіс туының көшірмесі тұр. Екінші дүниежүзілік соғыс тұсындағы еліміздегі барлық әскери құрылымның туы бір жерде жинақталған үлгісін іздесеніз, онда елордамыз бен Родина ауылындағы музейден ғана таба аласыз.

Дәулет Төлеутайұлы музей саласындағы жұмыстарды қолдаушы болса, өзге де өңірлерде Әскери-тарихи музейдің филиалын ашу ниеті бар екенін жеткізді. Родина халқы музейдің мектеп оқушылары мен жастар үшін берері мол деп қуанады. Қазір ауыл мектебінде «Жас сарбаз» балалар мен жасөспірімдер қозғалысы жұмыс істейді. Ал әскери дайындық сабақтарын тиімді өткізуге жаңа музейдің пайдасы тимек.

## ҚЫРЫҚБАЙ АЛЛАБЕРГЕН АТЫНДАҒЫ МЕДИАЗЕРТХАНА АШЫЛДЫ

Еуразия ұлттық университетінің 30 жылдығы аясында 22 мамыр күні қазақ журналистикасы ғылымының дамуына елеулі үлес қосқан белгілі ғалым, публицист, көрнекті журналист, профессор Қырықбай Аллабергеннің есімі берілген арнайы аудиторияның ашылу рәсімі өтті.



Маньзды жиынға университет ректоры, әріптестері, ғалымдар, профессор-оқытушылар құрамы мен ғалымның жұбайы қатысты. Шараның ашылуында сөз алған журналистика факультетінің негізін қалаушы, белгілі ғалым Назарбай Омаров университет тарихына тоқталып, Қырықбай Аллаберген туралы жылы естеліктерімен бөлісті. Ол ғалымның тек ғылымдағы еңбегін емес, ең алдымен адамдық болмысына ерекше тоқталды. Ағасы әрі ұстазы ретінде Қырықбай Аллабергеннің адалдығы, кеңпейілдігі, қолының ашықтығы секілді азаматтық қасиеттерін сөз етті. Аудитория лентасы қиылып, жиналған қауым ғалым рухына құрмет көрсетті.

Шара барысында сөз алған ғалым Айгүл Исмақова профессордың ғылыми еңбектеріндегі ұлттық баспасөз тарихы, елдік сана және тарихи жады мәселелеріне назар аударды. Оның айтуынша, бүгінде деколониялық дискурс аясында қарастырылып жүрген бірқатар тұжырым Қырықбай Аллаберген зерттеулерінде ертерек көрініс тапқан. Сондай-ақ ол ғалымның ұстаздық болмысы мен ғылыми мектебінің маңызына тоқталды.



Профессор Ғалиябану Кертәева және өзге де зиялы қауым өкілдері де жаңа аудиторияның ашылуымен университет ұжымы мен студенттерді құттықтап, Қырықбай Аллабергеннің ғылыми мұрасы жас ұрпақ үшін құнды бағдар екенін жеткізді.

Қырықбай Аллаберген — саналы ғұмырын қазақ тарихын зерттеуге, ұлттық журналистиканың дамуы мен қазақ баспасөзі тарихын зерделеуге арнаған тарих ғылымдарының докторы, профессор, белгілі журналист әрі публицист.

Игі бастама жылы естеліктер мен ғибратты ойларға толы болды. Ал профессор Қырықбай Аллаберген атындағы аудитория алдағы уақытта болашақ журналистердің білімін тереңдетіп, шығармашылық ізденісіне жол ашатын ғылыми медиазертханаға айналмақ.

Гүлнарыз СОЯН



AMANAT  
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –  
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –  
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:  
Абзал АЛПЫСБAYЛЫ –  
Ақмола облысы  
Алтай Байұржанқызы –  
Алматы қаласы  
Саятхан САТЫЛҒАН –  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –  
Қарағанды облысы  
Назгүл НАЗАРБЕК –  
Шымкент қаласы  
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –  
Қызылорда облысы  
Баһи ЖАНЗАҚ –  
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТИНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:  
8(771) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4743

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 В  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,